

## ҚОҒАМ

ТӘРТІП ЖӘНЕ  
ҰҚЫПТЫЛЫҚ КЕРЕК

2-бет

## КҰН ТАРТИБІ

АЛАНДАУҒА  
НЕГІЗ ЖОҚ

3-бет

## JANAZYQ

ҰМЫТ БОЛҒАН  
ДӘСТҮРЛЕР

5-бет

## RESMI

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ  
КҮШЕЙДІ

6-бет

## ПРЕЗИДЕНТ МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫНА АЛҒЫС БІЛДІРДІ



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев медицина мамандарына алғыс білдірді.

«Коронавирусты анықтау, науқастарды емдеу және вирустың одан әрі таралмауы үшін аянбай еңбек етіп жатқан дәрігерлерге алғыс айтамын. Үкімет осындай қызметкерлерге сыйақы беру шараларын қабылдайды», - деп жазды Мемлекет басшысы Twitter-де.

Бұған дейін Қ.Тоқаев төтенше жағдайға байланысты қашықтан жұмыс істеуге көшпуді тапсырған болатын.

«ТЖ режимінде қоғамның тіршілігін қамтамасыз ететін, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті бақылайтын мекемелерден, жекелеген БАҚ-тан өзге мемлекеттік, квазимемлекеттік қызметшілерінің 70%-ын

қашықтан жұмыс істеуге көшірген жөн. Жеке кәсіпорындарға да осындай шараны қолдану ұсынылады», - деді Президент.

Еске салайық, коронавирусы инфекциясының таралуына байланысты Қазақстанда 16 наурыз бен 15 сәуір аралығында төтенше жағдай енгізілді.

Ал 19 наурыздан бастап инфекция тіркелген екі қалада – Нұр-Сұлтан мен Алматыда карантин режимі енгізілді.

18 наурызда ел аумағында қатерлі дертті жұқтырғандар саны 30-дан асып түсті.

## ИНДЕТ ТУРАЛЫ СҰРАҚТАРДЫ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША АРҚЫЛЫ ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ

Қазақстандықтар коронавирус туралы сұрақтарын мобильді қосымша арқылы жолдай алады, деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі.

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың қазақстандықтар коронавирус жұқтырғаны расталған жағдайлары туралы мәлімдемесінен кейін халық арасында алаңдаушылық айтарлықтай өсті. Бұрын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Бірыңғай байланыс орталығына күніне шамамен 1500-2000 қоңырау келіп түсетін болса, ал қазір олардың саны 3 есе артты.

Осындай маңызды кезеңде ағзаңызды мүмкін болып қалатын жұқтырудан сақтану және алдын алу үшін барлық шараларды қабылдау қажет. 1406 байланыс орталығының операторлары халыққа денсаулығын нығайту және өзінің ағзасын қорғау, күдікті симптомдар байқалғанда әрекеттер жасау бойынша кеңес беру дайындығын өтті.

«Байланыс орталығы қажетті алдын алу шаралары және вирустан қорғану бойынша кеңес беру үшін жұмыс істейді. Операторлар сонымен бірге сырқатталып қалған кезде қайда бару керектігін, қандай симптомдарға назар аудару керектігін, қайда талдауларды (анализдерді) тапсыруға болатындығын түсіндіреді. Үкімет пен уәкілетті органдар қабылдап жатқан шаралар халықты қорғауға бағытталған. Алайда, қоғамдық орындарға бару денсаулыққа қауіп төндірді екенін саналы азаматтар түсінуі керек», - делінген



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, өз сұрақтарыңызды 1406 операторларына Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы да жолдауыңызға болады. Жолданымға тіркеу нөмірі беріледі, содан кейін сіз өзіңіздің жеке кабинетіңізде оның мәртебесін тексере аласыз.

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР, ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Наурыз – ежелден тойланып келе жатқан әлемнің ең көне мейрамдарының бірі. Өзінің сан ғасырлық тарихында Наурыз дәуірлерінің байланысын, табиғаттың оянуы мен рухани жаңғыруы бейнелейтін жалпыхалықтық жарқын мерекеге айналды. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған.

Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Еліміз тыныш, жұртымыз аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Құрметпен,

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ  
Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Үш мың жылдықты тарих қойнауына табыстап, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоймай, керісінше, жылдан-жылға жаңғырып, жанарып келе жатқан төл мерекеміз эз-Наурызды Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясы ұжымы да ерекше көңіл-күймен қарсы алды.



## ҰЛЫС КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Ою-өрнектермен безендірілген киіз үй, төрге ілінген домбыра, қазақы тұрмыстық бұйымдар – міне, бұлардың барлығы да келген қонақтарға ерекше әсер сыйлағаны сөзсіз. Осындай мерекелік күй сарынында қазы-қарта, жал-жая толы астау мен қымыз толы саба орын алған мерекелік дастарқан да көздің жауын алады. Ұлтымыздың әсемдігі мен әдемі тұрмысынан хабар беретін ұлттық әндері де мерекенің сәнін келтірді. Күн мен түн теңеліп, Самарқанның көк тасы еритін, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында онсыз да даурықпа хабармен жанталасып жүрген тұрғындардың көңілін серпіттіп, ойын сергіту мақсатында филармония өртістерімен бірге телевизиялық бағдарлама ретінде түсірілген шараның кіріспесі Ислам атты кішкентай бүлдіршінің тұсау кесер рәсімімен басталды.

– Балам Исламның жасы – бірде. Енді ғана тәй-тәй қалам басып келе жатқан құлынның тұсау кесер тойы өнердің ордасы, ән-жырдың мекені, қасиетті қара шаңырақ саналатын филармонияда кесілгені көңілді толқытып тұр. Кеудемді зор

қуаныш сезімі кернеуде. Қай кезде де салт-дәстүрін ұмытпаған ұлтпыз ғой. Бүгінгі күн ерекше есте қаларлық күн болды. Бұл жерде жұмыс істейтін мамандардың қай-қайсысы да өнерлі жандар ғой. Балама солардың жолын берсін деп тілеймін, – деген Исламның анасы Айман Керімтайқызы қуанышымен бөлісіп, газет оқырмандарын мерекемен құттықтады.

Исламның тұсауын Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, әнші Береке Кошенов ала жіппен кесіп, жүрежарды тілегін білдіріп, батасын берді. Одан әрі қара домбыраның қасиетін ұғынып, өмірлік серігіне айналдырған Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин ағамыз түрлі халық әндерін орындап, саф алтындай сара әндерді сағынған жұрттың құлағының құршынып қандырды. Думанды жылынды Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздіктері Қайрат Әбеуов, Зәуре Омарова бастаған филармония әншілері жалғастырып, ән-билерден шашу шашты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ОБЛЫСТА КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ҚАРҚЫН АЛДЫ

Қарағанды облысында төтенше жағдай режимі 16 наурыздан бастап жұмыс істейді. Өңір қоймалары азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, ауруханалар күшейтілген жұмыс режиміне көшуде. Оқушылар мен студенттер демалысқа жіберілді. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қазір облыста жұқпалы инфекцияны емдеу үшін 300 және COVID – 19 коронавирусымен ауыратын науқастарды оңалту үшін 48 төсек қарастырылған. Сондай-ақ, 770 провизорлық және 1 325 карантин төсегі бар. Олар Қарағанды, Теміртау, Балқаш және Сәтбаев қалаларының ауруханаларында орналасқан.

Госпитальдарда жұмыс істеу үшін дәрігерлердің 4 мультидисциплинарлық командасы белгіленген. Олардың құрамына инфекционист, пульмонолог, кардиолог, нефролог, терапевт және педиатр кіреді. Сонымен қатар, 3 анестезиолог-реаниматолог бригадасы, орта және кіші медицина қызметкерлерінен 9 бригада ұйымдастырылды. Жұмысқа барлығы 540 медициналық қызметкер тартылды. Карантиндік жұмыс кестесі бекітілді.

18 наурыздағы жағдай бойынша карантинде 113 адам тәулік бойы бақылауда. Бұл ІА санатындағы елдерден оралған немесе шартты түрде жұқтырғандармен байланыста болған азаматтар. Үй карантинінде 39 адам, медициналық бақылаумен өзін-өзі оқшаулауда – 284 адам, қашықтан мониторингінде –

273 адам. Олардың барлығы өздерін жақсы сезінеді, ауру белгілері жоқ.

Сондай-ақ, Қарағанды облысына коронавирус инфекциясы анықтау үшін экспресс-тестілердің алғашқы партияларын әкелу жоспарлануда. Олар дәріханаларда сатылатын болады. Вирустың бар-жоғын бір тамшы қан тамызып, тестінің көмегімен анықтауға болады. Мұндай талдаудың дәлдігі – 80% құрайды. Желел-тестілер инкубациялық кезең барысында вирустың бар-жоғын анықтамайды, ал оң нәтиже болған жағдайда егжей-тегжейлі тексеруден өту қажет.

– Қазір басты міндеттердің бірі – коронавирустық инфекцияны анықтау жөніндегі зертханаларды ұйымдастыру болып табылады. Жақын арада біз екі немесе үш сондай зертхана ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл облыстың қажеттілігін өтеу үшін жеткілікті болады, – делі сәрсенбі күні өткен брифингінде Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Нұрлыбаев.

Облыстың тұрақтандыру қорында 300 тонна бидай ұны, 24,5 тонна қарақұмық



жармасы, 37,6 тонна құнбағыс майы, 189 тонна кант, 1700 тонна картоп, 30 тонна сәбіз, 50 тонна пияз және 50 тонна орамжапырақ бар. Қосымша қарақұмық жармасы, күріш, құнбағыс майы мен көкөніс сатып алу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, өңірде үн өндіру үшін жеткілікті астық қоры бар. Азық-түлік тауарларының бағасы көтерілмейді. Өзірге тек кант бағасы сәл артты – бұл өнімді шығарушы Беларусь зауытында өзіңдік құнын қымбаттауына

байланысты. Облыста азық-түлік үздіксіз жеткізіледі.

Көлік қатынасында проблемалар жоқ. Өңірдің барлық автопарктері бұрынғы тәртіпте, маршруттарды қысқартусыз жұмыс істейді. Қарағанды қаласынан Алматы, Қызылорда, Оскемен және Жезқазған қалаларына жолаушы пойыздары еш өзгеріссіз жүреді. Ресеймен көлік қатынасы тоқтатылды. Тікелей жолаушылар пойыздары, тіркеме және тікелей қатынайтын

вагондар тоқтатылды. Бұрын сатып алынған билеттерді қосымша төлемсіз және айыппұлсыз тапсыруға болады. Сондай-ақ, әуе қатынасы тоқтатылды. 18 наурызда Қарағанды-Мәскеу бағытындағы соңғы рейс орындалды. 19 наурыздан бастап осы бағыт бойынша ұшу тоқтатылады. Сондай-ақ, 17 наурыздан бастап Қарағандыдан Новосібір қаласына авиарейс тоқтатылды.

Облыста АИ-92/93 бензині мен дизель отынының қоры жеткілікті.

Барлық нысандар облыстың ірі кәсіпорындары штаттық режимде жұмыс істейді. Облыстық коммуналдық қызмет мамандары да бұрынғы режимде жұмыс істейді. Су, жылу және электр энергиясы беруде іркіліс жоқ.

Мектеп оқушылары 16 наурыздан бастап демалысқа жіберілді. Жақын арада олар барлық пәндерден өз бетінше орындау үшін тапсырма алады. Мектептен тыс ұйымдардың да қызметі уақытша тоқтатылды.

Сондай-ақ, өңірде 70 колледж жұмыс істейді. Олардың барлығы электрондық оқыту платформасына қосылған. Тек 70 студенттің интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ. Олар үшін арнайы оқыту «Қазпошта» АҚ қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қалған 36 900 студент Bilimal, Platonus, Smart College және Moduls жүйелерінің көмегімен оқиды.

# COVID-19: адамдарды үйде оқшаулау ережесі

1 «В» санатындағы елдерден келген азаматтар 14 күн үй карантинінде болады.

**Үй карантинінде қойылатын талаптар:**  
1. Отбасы мүшелерімен байланыста болмайтындей бөлек бөлменің болуы;  
2. Науқас пен отбасы мүшелерінің жеке гигиеналық құралдары болуы (кем дегенде қолғап пен бет маскасы) және үйде күтім жасау немесе оқшаулау ретінде ұсынылған сақтық шараларын сақтауы (мысалы, тыныс алу гигиенасы және қол алысу, жөтелу әдебі) тиіс;

3. Үйде COVID-19 инфекциясын жұқтыру қаупі жоғары адамдар болмауы (65 жастан асқан қарттар, 5 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, иммундық жүйесі әлсізгерген немесе созылмалы жүрек, өкпе немесе бүйрек аурулары бар адамдар);

Егер осы талаптарды орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда медициналық ұйымдардың карантиніне жүгіну керек.

**Үй карантиніндегі тұлғаға арналған нұсқаулық**

1. Үйден шықпаңыз.
2. Жақсы желдетілетін, есігі жабылатын бөлмеде болу. Бөлмеден тек қажет жағдайда, онда да аз уақытқа шығуға рұқсат етіледі. Ауыз бен мұрынды тұмшалаған жөн.
3. Вирустың таралуын болдырмас үшін түшкіргенде немесе жөтелгенде ауыз бен

**Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқаулығы бойынша үй жағдайындағы карантиннің талаптарымен таныс болыңыздар.**

мұрынды бір реттік орамалмен немесе білектің ішкі қарымен жабыңыз. Қолыңызды дереу сабындап жуыңыз немесе спиртті антисептикпен зарарсыздандырыңыз.

4. Тамақ ішерден бұрын, сондай-ақ, жеке қажетіңізді өтер алдында, одан кейін де қолыңызды сабындап жууды немесе спиртті антисептикпен залалсыздандыруды ұмытпаңыз. Беті-қолды сүртуге бір реттік қағаз орамалды қолданған дұрыс.

5. Мүмкін болса жеке әжетхана пайдаланыңыз.  
6. Егер жоғары температура немесе тыныс алу жолдарының ауыру белгілері байқалса, иә қандай да бір медициналық мәселе туындаса, байланыс орталығына (1406 нөміріне) хабарласыңыз немесе жедел жәрдем шақырыңыз. Карантин туралы хабарлап, себебін көрсетіңіз.

**Үй карантині кезіндегі отбасы мүшелеріне арналған нұсқаулық**

1. Оқшауланған бөлмеге отбасы мүшелерінің кіріп-шыққанын азайтқан жөн. Дұрысы созылмалы ауруы жоқ, дені сау бір адам жауапты болғаны абзал.
2. Үйге қонақ шақырмаңыз.
3. Үйдегі адамдар қолын жиі жуып тұруы шарт.

4. Ортақ қолданылатын ас үй мен дәретхана сынды орындардың жақсы желдетілуін назарда ұстаныңыз.

5. Оқшауланған бөлмеге кірерде маска киюіңіз керек. Егер маска ылғалданып, иә кірлеп кетсе, дереу таза, құрғақ маскамен ауыстырыңыз. Масканы арнаулы әдіспен шешіңіз, яғни алдыңғы белгіні ұстамауды ескеріңіз. Артынша дереу қолыңызды жуыңыз.

6. Оқшауланған адаммен араласу кезінде, көрпестек, киім-кешек, өзге де заттарын ұстауда бір реттік қолғапты пайдаланыңыз.

7. Оқшауланған бөлмені күнделікті тазаланып және зарарсыздандырыңыз.  
8. Карантиндегі адамның кір-қоңы жуылмастан бұрын, оқшауланған бөлмедегі арнайы сөмкеде сақталуы керек. Кір жууға әдеттегі кір жуғыш ұнтақты пайдалануға болады.

9. Вирус тасымалдайтын тіс щеткасы, темекі, ыдыс-аяқ, сүлгі, төсек-орын сынды тұрмыстық заттарды карантиндегі адаммен ортақ пайдаланудан аулақ болыңыз. Ыдыс-аяқтарды қолданыстағы ыдыс жуғыш құралдармен тазалауға болады.



## КАРАНТИН ЕНГІЗУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

КАРАНТИН КАРАНТИН КАРАНТИН КАРАНТИН

- карантин аймағының периметрін белгілеу және оған кіру/оаан шығу пункттерін анықтау;
- адамдардың қозғалысын, сондай-ақ көлік құралдарының кіріп/шығуын шектеу;
- үш санат: ауруды жұқтырғандар, инфекцияға күдіктілер, карантиндегілер санаты бойынша арнайы емдеу мекемелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- азаматтардың қозғалысын шектеу үшін қалалар аумағының секторларын және олардың шекараларын анықтау;
- қоғамдық көлік қозғалысын күндізгі уақытта тоқтата тұру немесе шектеу және түнгі уақытта тоқтату;
- азық-түлік емес сауда базарларының жұмысын, азық-түлік өнімдері мен дәрілік заттарды сататын нысандарды қоспағанда, ірі СОСО және сауда үйлерінің жұмысын уақытша тоқтата тұру;
- санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды күшейте отырып, «киелілерге дейін жеткізу» қағидаты бойынша қоғамдық тамақтану нысандарының жаңа жұмыс режимін белгілеу;
- ХҚКО-ның жұмыс режимін қайта ұйымдастыру;
- карантиндік аймақтардағы халықтың және әрбір сектордың азық-түлік өнімдеріне, дәрі-дәрмектерге, тіршілікті қамтамасыз ету заттары мен алғашқы қажеттілік тауарларына тәулік сайынғы қажеттілігін анықтау;
- карантиндік аймақтың әрбір секторы үшін қоғамдық көлік қозғалысын барынша шектеуді ескере отырып, сауда және азық-түлікпен әрі алғашқы қажеттілік тауарларымен қамтамасыз ету орталықтарын анықтау;
- ұйымдастырушылық сипаттағы басқа да шаралар

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНҒАН КЕЗДЕ МЕШІТТЕ ЖҰМА ЖӘНЕ БЕС УАҚЫТ НАМАЗ ОҚУҒА ҚАТЫСТЫ ПӘТУА

**Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Барша мадақ әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Адамзаттың асылы Мұхаммедке оның отбасы мен барша сахабаларына салауат пен сәлем болғай!**



Бүгінде COVID-19 коронавирусы жұқпалы дерті әлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әлемді шарпыған жұқпалы дертті пандемия деп жариялауына байланысты Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылдың 16 наурызынан бастап 30 тәулікке төтенше жағдай енгізілді.

Алла Тағала адамзат баласына: **مَنْ شَئَلَ عَلَيَّ فِي يَوْمِي أَوْ لَيْلِي أُجِبْ** «Өз-өздеріңді қауіп-қатерге тікпендер», – деп ескерту жасаған («Бақара» сүресі, 195-аят). Өмір – Алла Тағаланың берген аманаты.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жұқпалы ауруға байланысты: «Науқас кісі дені сау адамға жақындамауы тиіс», – деген (Бухари, Муслим).

Мұнымен қоса шариғатта «Өзіне де, өзгеге де зиян келтіруге болмайды» деген қағида бар.

Ислам діні кейбір ғибадаттарды қауіпті жағдайларда уақытша тоқтатуға рұқсат береді. Мысалы, адамның өміріне, денсаулығына, мал-мүлкіне, бала-

шағасы мен отбасы мүшелеріне әлдебір залал тиетін болса, шариғатымыз оның мешітке келіп, бес уақыт намазды жамағатпен оқуын, тіпті жұма намазға қатысуын міндеттемейді.

Осы ретте Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ғұламалар кеңесі елімізде жарияланған төтенше жағдайды ескере келе, коронавирустың жамағат арасында таралуының алдын алу шарасына қатысты төмендегін мәлімдейді:

**Біріншіден**, мемлекет тарапынан елде төтенше жағдай жариялануына және індеттің таралу қаупі жоғары болуына байланысты мешіттерде жұма намазы уақытша оқылмайды. Әркім өз үйінде жұма намаздың орнына бесін намазын өтейді.

**Екіншіден**, мешіттер жабылмайды, бес уақыт намазға азан шақырылады, алайда бес уақыт намаз мешітте жамағатпен оқылмайды.

**Үшіншіден**, мешіт жанындағы асханаларда өтетін құдайы ас, садақалар (жетісі, қыркы, жылы т.б. дәстүрлі кәделер) уақытша тоқтатылады. Төртіншіден, жаназа намазын тек жақын туыстарымен, яғни аз топпен өткізген дұрыс.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұсылман қауымын сабыр сақтауға, орынсыз үрейленбеуге, халықты дүрліктермеуге және Алла Тағалаға дұға етуге шақырады.

16 наурыз 2020 жыл  
Нұр-Сұлтан қаласы

## ТӘРТІП ЖӘНЕ ҰҚЫПТЫЛЫҚ КЕРЕК

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев COVID-19 – коронавирусы індетін бірнеше отандасымыздың жұқтыруына байланысты елімізде төтенше жағдай жариялады. Шетелдік және отандық сарапшылар бұл дер кезінде қабылданған шешім деп бағалап отыр. Бізде осы пікірге қосыламыз.

Қазір ойланатын, сөз толғайтын кез емес. Әлімсақтан жасап келе жатқан қазақ халқы талай дүрбелеңді басынан кешірген. Аталарымыз бен әжелеріміз оба тарағанда бейқам отырған ауылдарда ажал құшып, киіз үйлер қанырап қалғанын айтатын. Ал, сақтық шараларын жасап, індетке шалдыққандарды оқшаулап, тамақтың өзін

киіз үйдің іргесін түріп беріп, елді, ұрпақты сақтап қалғанын әңгімелеп отыратын. Саулық кепілі – тазалық. Өзің таза жүрсең, тұрған жерің, ауылың таза болса, аман жүресің, көңілді жүресің, оған ауру да жоламайды.

Қазір сындарлы сөз туды. Президенттің пәрменімен шұғыл істер атқарылуда. Нұр-

Сұлтан мен Алматыда карантин енгізілді. Тұрғындардың тамағы, ас-суы, дәрі-дәрмегі тағы басқа да өмірлік қажеттіліктері шешімін тауып жатыр. Үкімет төтенше жағдайда халықты әлеуметтік қорғау және экономиканы қолдау жөнінде 7 бағытта көлемді жоспарды бекітіп, барлық күш-жігерді соны шұғыл орындауға жұмылдырып отыр.

Қала әкімдігінің, медицина саласы қызметкерлерінің, құқық қорғау орындарының, жезқазғандықтардың ізгілікті, қайырлы және нәтижелі қызметіне куә болып отырмыз.

Бүгін «Бұдан жаман кезімде де тойға барғанмынның» заманы емес. Қанымызға сіңген Қазақстанның әр бұрышынан құда-жекаттардың, жолдас-жоралардың, жүз-деген ағайын-туыстың басын қосқан тойшылықты, ас та төк сән-салтанаттарды кейінге қалдыруға тура келеді. Мәселе біздің әрқайсымыздың, ағайын-туыстарымыздың, бала-шағамыздың, елдің амандығы жайлы екенін білеміз. Олай болса, Президент Қ. Тоқаевтың басшылығымен мемлекет жүргізіп жатқан іс-қимыл бағдарламасына біз отбасымызда, әулетімізде қолымыздан келетін нақты іспен қолдау жасасақ, ұлы

мәртебелі Заң алдында саналы тәртіп пен ұйымшылдық танытсақ, бұл басқа түскен нәубетті лайықты жеңетіндігімізді көрсетеді.

Құлағымыз мемлекеттің ресми органдарының сөзінде болсын. Болашағымыз жарқын. Ұлы халқымыз бұл қиындықтан қайыспай, болаттай бірлігі, темірдей тәртібімен қауіпті індет әкелген сынан сүрінбей, шынығып шығатынына сеніміміз кәміл.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙТОВ,**  
Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы

## ҚОЛ ЖУЫП, ҮЙДЕ ОТЫРҒАННАН ДА БАСҚА МӘСЕЛЕ БАР



Түрлі ақпараттарға көз салсақ осы тақырыптың түбі қол жуу мен үйде отыруға тіреліп жатыр. Сол дұрыс па? Әрине дұрыс емес. Мәселе сонымен оңай шешілсе соншама адам жер шарында ауырып, талайы көз жұмбас еді ғой. Соны аздап ойланған жөн сияқты. Сол туралы біраз пікір білдіруге рұқсат етіңіздер.

БІРІНШІДЕН. Адамзаттың тарихы эпидемиялармен тығыз байланысты. Тіпті біздің бүкіл тарихымыз халықты жау мен эпидемиялардан қорғаудан тұрады десек те болады.

Тарихқа көз салсақ біздің үйреншікті Карантин деген сөзіміз италиянша «quaranta» (куаранта) деген сөзден шыққан. Және ол «қырық» деген санды білдіреді. Неге? Оның тарихы былай.

XIV ғасырда Оба (Чума) ауруы бүкіл жер шарына таралып, 200 миллиондай адамның өмірін қиғанда Италияның жағалауына келген кемелер мемлекетке кіру үшін 40 күн 4 километрдей қашықтықта тұруға мәжбүр болған. 40 күннен кейін кеме бортына сол заманның дәрігерлері көтеріліп, кемедегі барлық адамдарды тексеруден өткізген. Елге кіруге тек саулар ғана рұқсат алып, науқастардың барлығы Лазаретто деген аралға жіберілген. Осы замандағы «Лазарет» деген сөз де содан шыққан.

Содан кейін де жер шарын Шешек (Оспа), Тырысқак (Холера) сияқты көптеген эпидемиялар басып, талай адамның өмірін қиғанын білесіздер.

Соңғы 20 жылдың ішінде де Атлантиялық пневмония, Доньз тұмауы сияқты дерттердің де әлемге тарағаны белгілі. Сондықтан эпидемиялар болған және әлі де болады деп түсінген жөн.

Коронавирус та бізге таныс вирус. Бірақ бұл вирустың ерекшелігі – вирус жануардан адамға мутация нәтижесінде жұғу қабілетін игерген. Яғни вирустың

өзгерген түрі. Біздің организмнің оған қарсы иммунитеті қалыптаспаған. Вирустың кеңінен тарап жатқаны сондықтан.

Басқа таныс вирустан тағы бір ерекшелігі – өлім көрсеткіші жоғары. 3%-ға жетеді. Барлық мемлекеттердің дабыл қағып жатқанына сол себеп.

Қанша десек те, өткен жеті ғасырдың ішінде сол заманда қалыптасқан қағидалар еш өзгермеген десе де болады. Осы күндегі біздің істеп жатқан тірлігіміз де сол Италияда жасалған іс-әрекеттер.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – сау адамдарды науқастардан ажырату. Инфекцияның адамнан адамға жұғуын тоқтатпай оны жеңу мүмкін емес. Бұл амал жоқтықтан істелінетін шара. Соны бірден түсіну қажет.

ЕКІНШІДЕН. Осындай эпидемиялар біздің даламызда да көп болған. Аса қауіпті (Оба, Безгек сияқты) аурулар ел арасында тараған заманда ауруға шалдыққан елді мекендер ауыл маңына қара жалау тіккен. Сол маңайда келе жатқан керуендер ондай елді мекендерді айланып өткен. Науқас тұрған үйге адам кіруге тыйым салынып, оған тек киіз үйдің бір бұрышынан ғана тамақ берілген. Науқасты далаға шығармаған. Тіпті кейде байлап тастауға мәжбүр болған. Біржан салдың байланып жатып ұлына арнаған «Теміртас» әнін есіңізге алсаңыз түсінесіз қалай болғаны.


Сонымен бірге қазағамыздың жаңа туған баланы ҚЫРҚЫНАН шығарғанша тірі жанға көрсетпей ұстағаны да сондықтан. Балдырғанды тұзды суға шомылдырып, суға күміс салу себебі де сол ауыруға жол бермеу. Күмістің бактерияларды жою қасиеті бар екенін бәріміз білесіздер.

Микроб, бактерия, вирус дегенді білмесе де ата-бабамыз адам өмірін сақтау үшін осындай іс-әрекеттерді қабылдаудың арқасында халқымызды аман сақтап қалған. Сол заманда қалыптасқан дәрет алу рәсімі де негізінен тазалық арқылы аурудың алдын алуға арналған. Тазалық – денсаулық кепілі деген сөз де сол заманнан қалды емес пе?

СОНДЫҚТАН. Бастан кешіріп отырған бүгінгі эпидемия – сол эпидемиялардың кезектесі. Сондықтан ойбайға салып, елді дүрліктерудің еш себебі жоқ. Осы заманның мүмкіндігін ескерсек бұл заманда да аман-есен өткізуге толық мүмкіндігіміз бар. Біздің қателігіміз – 20 жылдың ішінде жаңа ұрпақ дүниеге келіп, цифрлық технологиялардың кеңінен дамуына байланысты көптеген «білгіштер» сол кеңестікте жалған ақпарат таратуының нәтижесінде халық арасында вакцинациядан бас тартушылардың қатары көбейіп кеткендігінде. Тіпті адам арасында табиғи іріктеу болуы керек деген опасыздардың да қатары көбейді.

Сонымен бірге көптен бері тіркелмегендіктен инфекция мәселесіне ат үсті қарау да қалыптасты. Санитариялық-эпидемиологиялық мәселелерді кей заманда назардан тыс қалдырдық. Ал инфекциялар ешқайда кеткен жоқ. Олар әлі де арамызда. Сол ғана жұмысты баяулатсақ лап етіп бас салуға әзір. Кезіргі жағдай соның дәлелі.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? Бұл сұраққа екі түрлі қауіп бар. Біріншісі – дерттің күшін менсінбеу, атап айтқанда – ол кәдімгі тұмау сияқты екен деп проблеманың күшін сезбеу. Қанша десек те бұл өте қауіпті дерт. Сақтықта қорлық жоқ емес пе? Соны ескерген жөн. Елмен араласуды азайту керек. Карантин қатаң тәртіпті және



бағынды талап етеді. Инфекция адамның салт-дәстүрін жағалап жүретінін ұмытпау керек. Негұрлым халық арасында қол беріп амандасу, жиналып отырып бірге тамақтану, ойын-сауыққа көп көңіл бөлу, жиі той жасау сияқты дәстүрлер кеңінен қалыптасқан сайын вирустың таралуына да шексіз жол ашылады.

Сондықтан біз күнделікті әдеттерімізді қайта қарастыруымыз керек. Үйде бесіктегі бала бар ма? Бауы берік болсын деп келушілердің қатарын қысқартыңыздар. Қазақ атамыз сондықтан туған баласын жаман киіндіріп, сұрғандарға: «Үй, бұл көршінің жаман баласы» деп бөтен адамды жақындатпаған.

Кезір не көп? Той көп. Шілдехана, Тұсау кесер, Сүндет той, Тілашар деп жас баланы өскенше жанын қоймай тойлай береміз. Маңдайына күйе жағып оны төрге отырғызамыз.

Күйе жаққанда да қазақ көз немесе тіл тимесін деп елді жақындатуға ұмтылған емес пе? Ол заманда вирустың бар екенін кім білген? Әйтсе де, дерттің адам қатынасынан тарайтынын түсінген ата-бабамыз балаларын көздің қарашығындай сақтаған. Аман, Тұрар, Есен, Берікжан, Теміржан сияқты есімдер сол заманнан қалған. Туған балалары шетінен шетіне бергендіктен себебін түсінбеген халық қол жайып Аллаға сыйынып, тағдырды алдаудың амалын іздеген. Сол сияқты қазақтардың арасындағы орыс есімдерінің кездесуінің бірден-бір себебі осы.

Ал біз болсақ, қазіргі заманда балаларымызды бүкіл әлемге көрсетуге асығамыз. Бала-шағаны шұбыртып тойға барамыз, сауда орталықтарында жүреміз. Сол қазақ барсақ та жанымыздан тастамаймыз. Содан инфекция жұқтырғанда ауруханаға жеткізіп әлек болып жатамыз. Соны тоқтатайық, ағайын. Уақытша болса да. Өйтпесек эпидемияны доғару қиын болады. Менің тәжірибемде талай тойда тараған аурулардан кейін сол тойға қатысқандарды іздеу жұмысы болды. Бүкіл Қазақстаннан іздейсің. Кім келгенін айтпайды кейбір той иелері. 500-

ден астам адамды барлық облыстардан іздеу салып, тауып, оларды карантинге жатқызумен әлек болып жатамыз ылғи. Соны дұрыс түсінген жөн. Той жасалған күннің өзінде кімнің қайдан келгенін тез анықтап таба алсақ, инфекцияның да таралуын тез тоқтатуға мүмкіндік пайда болады. Ол өмір мен өлімнің арасындағы сұрақ. Оған немқұрайлы қарауға еш болмайды.

Сонымен бірге үйде жүкті әйелдер мен қарттар бар болса карантин шараларын күшейткен жөн. Қарт адам – үйдің берекесі, шаңырақтың негізі. Сондықтан қарттарымызға ерекше көңіл бөлетін кез келді. Инфекция жұқтырмайтын жағдай жасауымыз керек. Күн сайын дене кызуын тексеріп, дер кезінде емін беріп отырған абзал. Негұрлым ауруды ерте анықтасақ, соғұрлым жазылуға жағдай жасалынады. Естен шығармайық соны. Ол кісілердің: «Өлсем, үйде өлейін, бәліске бармаймын» деген сияқты сөздеріне құлақ салмай тезірек дәрігер шақыртып, немесе жедел жәрдем арқылы ауруханаға жеткізген жөн. «Жасарын жасады ғой» немесе «Бәрі Алланың қолында» деген сияқты ұғымды ұмытқан жөн.

Аман алып қалатын аурулардан адамды сақтау керек. Емге көнетін ауру болса неге алып қалмасқа? Соны ескеріңіздер.

Келіндеріңіз бен қыздарыңызды қадағаланыңыздар. Көп шықпасын далаға. Әсіресе жүкті болса немесе емшектегі балалары бар болса. Шыдау керек. Кемінде 1 ай. Қиын емес қой. Әңгімелесіп, бала тәрбиелеп, бала-шағамен шәй ішіп отыратын заман келді.

Қысқаша айтсақ осы. Ал қолды қалай жуу керек, немесе масканы (бет перде деуге аузым бармайды) қалай тағуды басқалардан оқырыңыздар.


Ештеңе жоқ, көптен көрген – ұлы той. Бұл заманнан да өтеміз. Көк шығып, күн жылысын. Бұл да бір сын. Талайынан өттік емес пе? «Ел аман болсын» деген сөздің айтылар кезі міне осы. Сондықтан еліміз аман болсын!

**Ерік ӘБЕНУЛЫ,**  
дәрігер

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Коронавирус дерті Қазақстанға да жетіп, алғашқы науқас тіркелген сәттен бастап, ел ішінде алаңдаушылық күшейгені рас. «Карантин енгіссе, сыртқа шыға алмай қалады екенбіз», «Дүкендер жабылады екен» деген сияқты үрей шақырған хабарламалар әлеуметтік желілерде тарап, оған сенген біршама жұрт дүкен, базарларға ағылып, әдеттегіден көп мөлшерде азық-түлік сатып алуға кірісті. Бір-екі күн бойы қаладағы супермаркеттер мен ірілі-ұсақты азық-түлік дүкендерінде қарбалас жағдай орын алды.



Кім не аламын, қашан аламын десе де өз еркі, әрине. Алайда, негізсіз ақпаратқа еріп, дүрбелең туғызу, дүкендегі дүниені жау тигендей тасып әкету де жөн емес. Бүләрі-беріден соң тауар бағасының күрт өсуіне себеп болады. Нарық заңы солай. Қаладағы сауда-саттықтың жағдайы, азық-түлік қоры жергілікті билік орындарының бақылауында. Бұған біз Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі мамандарымен бірге сауда орындарына жасалған рейд барысында да көз жеткіздік.

нүктелері әлеуметтік-маңызы бар азық-түлік тауарларымен толық қамтамасыз етілген. Көтерме жеткізушілерде (қоймаларда – ред.) және сауда нүктелерінде азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті, бағаның себепсіз өсуіне жол берілмейді. Азық-түлік тауарларын тасымалдаушылар қаламыздың сауда нүктелерін толық қамтамасыз етуде. Сауда нүктелері қалыпты жағдайда жұмыс істеуде, – дейді кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Аманкелді Балмағанбетов.

сауда орындары басшыларымен азық-түлік тауарларының қорын толықтыру және бағаны негізсіз өсірмеу туралы түсіндіру жұмысын жүргізіп, баға мен азық-түлік қорына күнделікті мониторинг, рейдтер жүргізуде.

Аталған рейд барысында «Organic», «Акцент» супермаркеттеріндегі ахуалға мониторинг жасалды. Сауда-саттық қалыпты жағдайда жүріп жатқанын байқадық.

– Қазір саудамыз бір қалыпты жүріп жатыр. Ұсынылатын азық-түлік өнімдері жеткілікті. Сөрелер босамайды, толықтырылып отыр. Жергілікті әкімдікпен бағаны өсірмеу туралы келісім бар. Бағаны өсіруге еш себеп көріп тұрған жоқпыз, – дейді «Organic» супермаркетінің әкімшісі Айман Бермұханова.

Ал, «Акцент» супермаркетінің өкілі Шолпан Байтенова кей тауар түрлеріне өндіруші фирмалар акция жариялап, жеңілдік ұсынып жатқанын, сондықтан сауда орнында кейбір макарон өнімдерінің бағасы төмендегенін айтады.

Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі нарықтағы ахуалды бақылауда ұстап, қандай да бір өзгерістер бола қалса жұртшылықты дер кезінде құлақтандырып отырмақ.

Өз тілшіміз

# МОЛ МҮМКІНДІК

Қаламыздағы 13 пен 15 жас аралығындағы оқушылар үшін сүйінші хабармен бөліскенді жөн көрдік. Бүгінгі заман талабы ағылшын тілін білуді қажет етеді. Осы орайда, баланың білікті мамандардан білім алуына мол мүмкіндік туып отыр. Ол – «The English Access Microscholarship (Access)» бағдарламасы.

Қазақстандағы АҚШ елшілігі мен қаламыздағы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қолдауымен іске асырылғалы отырған бағдарлама конкурсына келіп түсіп жатқан өтініштер саны таластар емес. «The English Access Microscholarship (Access)» көп балалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары мен жетім балаларға көмек көрсетіп, оларға ағылшын тілін жоғары деңгейде үйрету мақсатында жүзеге асып отыр. Бағдарламаға қабылдау ІІ кезеңде құжаттар қабылданады. Ол үшін үміткерлерге туу туралы куәлігі мен өткен оқу жылындағы табелі көшірмесін және отбасы табысының төмендігін растайтын, мүгедектік немесе еңбекке жарамсыздық туралы анықтама, көп балалы отбасыдан екендігін анықтайтын құжаттар, АҚШ елшілігіне жіберілетін отбасының жылдық табысы, жәрдемақы мен зейнетақы төлеу туралы қалалық кеңестің анықтамасы, ата-анасының ажырасқандығын растайтын анықтамаларды тапсыру керек. Сондай-ақ, аталған құжаттармен бірге үміткердің 2 дана 3x4 суреті, түйіндемесі (өзі жайлы мәліметтер мен жетістіктері тізімі) және оқу орны әкімшілігі мен ағылшын тілі пәні мұғалімінің ұсыным хаттары тапсырылады. Құжаттар толыққанды жиналған соң өтінім парағы толтырылады. Бағдарламаның ІІ кезеңінде АҚШ елшілігі мамандарымен



бірге әңгімелесу өткізіледі. Және айта кетерлігі, әңгімелесу кезеңі оқушының талабына сай қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі. Конкурста құжат қабылдау мерзімі 15 сәуірге дейін ұзартылды.

– Бізде бұндай бағдарлама 2016-2017 оқу жылдарында жүзеге асырылған болатын. Бұл жолғысы 2020 жылдың сәуірінен 2021 жылдың желтоқсан айына дейін жалғасады. Оқушылар ағылшын тілін бастауыш деңгейінен бастап үйренеді. Сабақ аптасына үш рет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері жүргізіледі. Балалармен мен, кафедра оқытушысы Елена Дергунова, ассистент Жанерке Сапарбек бірлесіп жұмыс істейтін боламыз. Оларды оқытатын оқулықтардың барлығы дерлік Англиядан арнайы тапсырыспен

алынады. Жаз айында бес күндік тіл үйрену лагерін ұйымдастырмақпыз. Бұрындары бұндай лагер «Кенгір» профилакторийінде болатын. Биыл да барына жақсы орын қарастыратын боламыз. Біз ол жерде балаларға түрлі қызықты әдіс-тәсілдермен, ойындармен ағылшын тілін тереңірек меңгеретін боламыз. Ұлытауға да сахат жоспарланып отыр. Сахатқа кететін жол шығыны, тамақ, көлік мәселелерінің барлығына қаржы бөлінді. Енді тек балалардан күтілетіні – терең талпыныс пен зейін-ынта ғана, – дейді педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің педагогика, психология және филология кафедрасының меңгерушісі Зәмзәгүл Қашқынбаева.

Өз тілшіміз

# БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ: кім, қанша төлеуі қажет?

ҚР 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 203-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес 2019 жылдың 1 қаңтарынан бірыңғай жиынтық төлемнің енгізілуі қарастырылған.



Бүгінгі таңда халық арасында өз қызметін тіркемеген, еңбек келісімшарты жоқ немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелмегендер бар. Олар әлеуметтік, зейнетақылық қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандырудан қалып қалып отыр. Осы ретте, енгізілген бірыңғай жиынтық төлемі ең алдымен, түрлі себеппен қорғаныссыз қалып отырған осы санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғауды көздейді. Бірыңғай жиынтық төлем төрт бірдей міндетті төлемнің түрін біріктіреді. Олар: жеке табыс салығы (ЖТС), мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдері және міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

кейін банкнің қасаларында, сондай-ақ, «Қазпошта» бөлімшелерінде төлеуге болады. Ол үшін өзінің жеке куәлігін көрсетіп, «Азаматтарға арналған үкімет» МК ҚЕАҚ банктік шотына төлем жүргізу қажет. Ал, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы БЖТ-ді төмендегіше бөледі:

- жеке табыс салығы (бюджетке 10%);
- әлеуметтік төлемдер (ӘСМҚ-на 20 %);
- зейнетақы аударымдары (БЖЗҚ-на 30 %);
- МӘМС –ға аударымдарына (ӘСМҚ-на 40 %).

ҚР Салық кодексінің 24-бөлімінің 774-бабына сәйкес, дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар БЖТ төлеушілері болып танылады, олар бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келуі қажет:

1. бірыңғай жиынтық төлемді төлеген;
2. жадамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайды;
3. Ақцизделетін өнімдерді қоспағанда, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсетеді және (немесе) салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана ақцизделетін өнімді қоспағанда, өз өндірісінің жеке қосалқы шаруашылығының ауыл шаруашылығы

өнімдерін өткізеді. Бұл ретте, БЖТ төлеушілері табысының мөлшері жылына 1175 АЕК-тен аспауы тиіс. Коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілері аумағында, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын, оның ішінде меншік құқығындағы, жалдау, пайдалану, сенімгерлік басқару сауда объектілерін қоса алғанда, қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар, тұрғын үйді қоспағанда, мүлікті жалға (мүліктік жалдау) беретін тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар, оралмандарды қоспағанда, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуі бар адамдар бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер ретінде танылмайды. Жеке тұлғалар, бірыңғай жиынтық төлем жасалған күннен бастап мұндай төлем жүргізілген айдың соңы күніне дейін БЖТ төлеушілер деп танылады.

Жалпы алғанда, Бірыңғай жиынтық төлемді енгізу бейресми жұмыспен қамтылғандарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуға және сомасы мен түрлері шектелмеген медициналық қызметтерге қол жеткізуге, медициналық мекемелерді таңдауға,

## БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ



жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға әрі жүйеге қатысу өтіліне қарай базалық зейнетақы төлемін алуға; еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан айырылған жағдайға, жүктілік пен босануға, бала асырап алуға, бала 1 жасқа дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алуға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысында бірыңғай жиынтық төлем төлейтін 5841 тұлға бар. Олардың төлеген төлемі 15919,0 теңгеге жетті.

Серік ЖҰМАБАЕВ, Жезқазған қалалық кірестер басқармасының жеке кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімінің басшысы

## АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...


# САПАСЫЗ ЖҰМЫС САЛДАРЫ

немесе қармен бірге асфальт еруде

Соңғы бірнеше жылда Жезқазғанның жолдары көнге келіп қалған сияқты еді. Үлкен көшелер реттелген соң, қала сыртындағы, орамалық жолдарға да көңіл бөліне басталды. Бірақ, сол жұмыстың барлығы сапалы жүргізілді дей аламыз ба? Қыс бойы түскен қалың қар еріп, артында көшелердің телегей теңізге айналғанын көріп ішіңіз ашыды.



2017 жылдан бастап Жезқазғанда Абай, Гагарин көшелері, Алашахан, Мир даңғылдарының жолы жөнделді. Жылда қайталанатын құбыр ауыстыру жұмыстарынан соң Ғарышкерлер бульвары, Сейфуллин көшелерінің де біраз бөлігіне асфальт төселді. Енді сол жолдардың қазіргі жағдайы қалай?



бульвардың бір қапталы көлік жүргізушілерінің сынына тағы илінді. Жағдай – 3-суреттегідей. Асфальттің әр тұсы ойылып, түсіп кеткен. Ол жерге қар суы жиналып, көліктерге ғана емес, жол жиегімен жүретін жаяу жүргіншілерге де қолайсыздық туғырады.

Айтса да, «қазба жұмыстарынан» қала іші ғана емес, сыртқары орналасқан елді-мекен тұрғындары да зардап шегуде (4-сурет).

Қыс айларында «Көлік жолдары күреледі, тротуарларға көңіл бөлінбейді» деп шағымданғандар көп болған. Қары уақытылы күреліп, мұзы ойылып тұрса, жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай туғызып қана қоймай, ол табан жолдардың «ғұмырын» да ұзартар едік. Өттең, олай болмады (5-сурет).

Мұндай жағдай басқа көшелерде де кездесуі мүмкін. Жолдардың мұндай күйге жетуіне асфальт кінәлі ме, қар кінәлі ме, ол жағын өздеріңіз шеше жатарсыздар.

Дархан МҰХАН



# НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ЖОРАЛҒЫЛАРЫ

Қазақтар көжеден басқа қандай мерекелік ас-тағам дайындаған? Басқа іргелес елдер Наурызда дастархандарына басты ас ретінде қандай тағам ұсынған?

Қазақ халқы үшін ең маңызды мереке – Наурыз. Сондықтан мерекенің басты тағамы наурыз көженің дәмді жасалуын қадағалап, дастарханның мол болуын қалайды. Өйткені жыл басын молшылықта қарсы алса, жыл бойы тоқшылық болады деп ырымдайды.

**Наурыз – бес мың жылдық тарихы бар мереке**

Тарихшылар осындай болжам жасап отыр. Этнограф, тарихшы Құралай Сәрсембина Наурызды әлемнің ең көне мерекелерінің бірі дейді.

– Наурыз мейрамы Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып келеді. Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие. Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңызға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Дегенмен, аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшының қылтығына рас... Кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақыттан байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Парсы патшасы Жамшид өз елінің аумағын аралап жүріп, Әзірбайжан деген мекенге тап болыпты. Осы жерде уәзірлеріне күнгеі бетке қаратып үлкен тақ орнатуды бұйырған екен. Күн сәулесі тақпен шағылысып, айналаға ерекше нұр шашыпты деседі. Содан кейін жұрт осы күнді жаңа жыл есебінде тойлауды әдетке айналдырған екен. Қалай болғанда да, бұл мереке 18 ғасырға дейін ежелгі Грекияда, ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русты тойланып келген.

**Өзе ұлттар сумалақ дайындайды**

Қазақтар Наурыз мерекесінде жеті түрлі тағамнан дайындалған наурыз көжесін ұсынады. Ал парсы, өзбек, қырғыз, иран, түрік, әзірбайжан, түркімен, ұйғыр, ауған халқында Ұлыс-тың ұлы күні «сумалақ» деген тамақ жасайды. Қырғыздар атын сәл өз-тертіп «сүмелек» деп айтады. Ал түркімендерше бұл тағамның аты «семенен». Бірақ жасалу әдісі бір-біріне ұқсас. Бәрі де жаңа өсіп шыққан бидай дөнінен жасалады.

Ел аузындағы бір аңыздарға сенсек, «сүмелек» немесе «сумалақ» сөзінің екі мағынасы бар екендігін байқаймыз. Біріншісі – парсының «си мелек», яғни «отыз періште» сөзінен шыққандығы туралы уәж. Яғни Наурызда «сүмелек» қайнатып жатқан кезде қазанның қасында 30 періште отырды-мыс. Екіншісі – парсыша, «самани» деп аталатын бидай дәндері көрінеді.

**Сумалақ туралы аңыз-әңгіме**

Сумалақ туралы көптеген аңыз-әңгіме бар. Соның бірі мынадай:

Ертеде көктем шыға бір ауылдың жұрты ашаршылыққа ұшырайды. Содан жеке-жеке қазан көтеріп, ас пісіруге елдің шамасы келмей қалады. Сонда ауылдың ақ жаулықты аналары қолдарындағы бар азықты жинап, біреуі бір ұс бидайын, енді біреулері жүгерісін, өрік-мейізін, тағы бірі өсімдік майын алып келіп, қазанға салып, тамақ әзірлеуге кіріседі.

Ең соңында үйелмелі-үйелмелі тоғыз баласын ертен жесір әйел келеді. Қосатын ештеңесі жоқ ол қазанға таза жуып, жеті

тас салады. Дәу қазан орта бөлінен асып тола түседі. Астындағы оттың табынан бұркылдап қайнай бастаған қазандағы тамақты араластырған сайын аналарымыз Тәңірден тоқшылықты, жылдың түсімді, берекелі болуын тілеп жалбарынумен болады. Құдай аналардың тілегін беріп, ел сол жылы молшылыққа кенеледі. Содан бастап «сумалақ» деп аталған осы қасиетті тағамды ерте көктемде елдің бірігіп, бір қазанда пісіруі салтқа айналған.

**«Сумалақтың дәмді ерекше»**

Өзбекстаннан көшіп келген Замзағұл Абдуллаева наурыз – жыл басы ғана емес, бақытсыздыққа ұшырағандар мен дімкөс, қамкөңіл жандар үшін жаңа өмірдің есігі ашылатын күн дейді. Өзбекстанда сумалақты жасау үлкен дайындықты қажет етеді дейді.

– Сумалақ жасаудың өзіндік әдісі бар. Жаңа жыл күт-береке алып келсін, ақ мол болсын, баласызға бала берсін, ауруға шипа берсін, жастарға сана берсін деген жақсы ниетпен жасайды. Әрі қыстан төрт көзіміз түгел аман-есен шыққанымызға шүкіршілік етіп, сумалақ дайындау барысында үздіксіз Алладан тілек тілеп отырамыз.

Сумалақ әзірлеу – он күнге созылатын күрделі іс. Ол бір апта бұрын су шашып отырып, өсіретін бидайдан жасалады.

– Бидай енді жарыла бастағанда оны ет тартқыштан өткізіп, суынан сумалақ жасайды. Көженің ең маңызды қоспасы да осы болып табылады. Одан өзге су мен ұн қосылады. 24 сағат бойы үздіксіз қайнаған сумалақтың асты жабысып қалмау үшін ішіне бірнеше тас салынады.

Ал сумалақты дайындап жатқанын көрген адамдар сыйлықтарын алып, құттықтап келеді. Ондағысы сумалақтың дайындалуына өз үлесін қосуды мақсат етеді. Осылайша ынтымақтастыққа көл ашылады.

Шынымды айтсам, осында көшіп келгеніме 16 жыл болса да көршілерімді әлі танымаймын. Тіпті наурызды арақ ішіп жүріп қарсы алып жатады. Осының барлығы ұйымшылдықтың жоқтығынан деп ойлаймын, – дейді Замзағұл.

**Сумалақ ең ұзақ дайындалатын тағам**

Қазақстанға 20 жыл бұрын көшіп келген тәжік азаматы, журналист Насибдjon Амони көптеген түркі халықтары дайындайтын сумалақ көжесін Гиннес рекордтар кітабына енгізу керек деп санайды.

– Сумалақ әлемдегі ең ұзақ уақыт және жылына бір рет қана дайындалатын ас ретінде енуі керек. Әрі ол асты жасау үшін кемінде бір апта дайындық қажет. Және сумалақты кез-келген адам жасауға болмайды.

Мысалы, үйінде бір қайғылы жағдай болған немесе баласы жоқ отбасыларға сумалақ қайнатуға болмайды. Ал егіз бала дүниеге келген отбасы жеті жыл қатарынан сумалақ дайындайды.

Бір апта бойы бидай дөңегін оңаша жерде өсіріп, бойы таза, құран оқи алатын адам қайнатады. Жылдың жаңа парағы тазалықтан, молшылықтан басталсын деп ырымдайды. Ал бір тәулік бойы сумалақты дайындау кезінде келген адамдар өз өнерін көрсетіп, бірі билеп, бірі өлең айтады.



Менің ойымша, барлық түркі халқы үшін наурыз мерекесінде ортақ ас – сумалақ болса, жақсы болар еді. Өйткені оның тарихы теренде жатыр. Жалпы сумалақты алғашқы болып парсы және тәжік халқы дайындаған тағам. Содан кейін басқа түркі тектес халықтарға таралған, – дейді Насибдjon Амони.

**Наурызда қандай ас дайындалған?**

Тарихшы, этнограф Құралай Сәрсембина қазақ халқы наурыз мейрамына көжеден басқа да арнайы тағамдарын жасағанын айтады.

«Наурыз күндері тек қана осы мерекеге тән белкөтерер, ұйқышар, наурыз-көже секілді арнайы ырымдық астар әзірленеді. Бұлардың адам денсаулығына тігізетін пайдасы зор, түрлі жас пен жыныстағы адамдарға арналады, зор мәнге ие. Белкөтерер – күш-қуаты азайған кәрі адамдарға арналады. Тіске жұмсақ әрі тәтті тағамға сары май, қазы, жент, қымыз, сүзбе, бал және тағы да басқа құнарлы мол заттар қосылады. Оны қатты ауырған адамға береді. Осындай тағамды әкелген адам бата алған. Сонымен қатар жастар мен үлкендер арасындағы тәрбиені күшейтіп, бауырластықты, қайырымдылықты нығайтқан».

**Ұйқышардан дәм тату үшін арнайы сыйлық әкелген**

Тағы бір дәм – ұйқышар. Ол Наурыз қарсаңында түнде жастарға ұйымдастырылатын кешке арнайы пісіріледі. Тағамның әзірленуі қызық. Қыстан қалған сүрленген етті жаңа сауылған сүтке қайнатады екен. Бұл тамақтың құнарлығын арттырады. Өйткені Наурызда малдың сүті қоюланып, құнарлы болады.

Тағам дұрыс дайындалса, онда жұмсақ, балбырап піскен әрі сүр еттің дәмі тіл

үйретін болады. Ұйқышардан дәм татқан соң ер жігіттер қыз-келіншектерге (ұйқы ашарды дайындауға қатыспағандарға да) сыйлық үлестіреді. Сыйлықтың атауы – селт еткізер. Өтір, білезік, сақина, тарак секілді заттарды селтеткізгерге сыйлайтын болған.

**Наурыздағы дайындық**

Наурыз келер түні Қызыр (Қыдыр ата) баба әр үйді аралайды деген де сенім болған. Үй иелері бар ыдысты аққа, суға, «ырыс толсын» деп дөңге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырып, наурыздың бірінші күнінде қар жауса – «ақша қар», жаңбыр жауса – «нұр жауды» деп ырымдаған. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген ағаштың жемісі мол болады деген жақсылыққа толы жақсы сенімдер болған. Құралай Сәрсембинаның айтуынша, наурызға даярлық тазалықтан басталған.

– Қазақ халқында «Наурызда жауған ақ қар секілді киінген» деген де мағыналы сөз бар. Таза жерге құт, береке келеді деген түсінік басты орында тұрған. Қарттар «Тазалығы бар үйге жаңа жыл кірсе, сол үй ауру-сырқау мен жамандықтан ада болады» деп те жатады. Сонымен бірге наурыз қарсаңында (Қызыр түні) «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деген ниетпен ыдыстарды сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, қымыз және қаусар бұлақ суына толтырып қоятын болған. Үлкен кісілердің пікірінше су – тіршіліктің белгісі, ал сүт – молшылықтың белгісі. Табиғат күштерін оятады, адамның күш-қуатын нығайтады деп наурыз қарсаңында, яғни 22 наурыз күні таң алдында жастар мен әйелдер сүт, май арқылы құрбан беру ырымын орындаған. Жас өспірімдер мен жас жігіттер бұлақ көздерін,өзен-су арналарын, арықтарды,

құдықтарды, су көздерін тазалаған. «Бұлақ көрсен көзін аш» деген мақал да қалған.

Ал, жастар жағы алтыбақан басында түнімен түрлі халықтық ойындарды ойнайды, айтысады. Бұл кеште айтылмаған ән, тартылмаған күй қалмайды. Таң қылаң бере көпшілік биікте төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алған, – дейді этнограф, тарихшы Құралай Сәрсембина.

«Наурыз» мейрамына қатысты төмендегідей мағыналы жөн-жоралғылар бар:

- Жаңа жылды тойлау – Наурыз мейрамы, Наурыз мерекесі, Наурызнама, Наурыз тойы
- Наурыз күні үлкендер бата беріп, жақсы тілектер айтып, арнайы сойылған малдың етінен (сыйлы мүше – бас, жамбас секілді сүйектерді тартып) және сүр еттен (қазы-карта, жал-жаз) қонақтарға дәм таттырады;
- Наурыз-көже, наурыздық әзірленеді;
- Наурыз тілек, саумалық айтылады;
- Наурыз күні туған малды мал басы – Наурыз төл деп атайды. Оны «киесі бар» деген түсінікпен сатуға да сыйлауға да болмайды.
- Наурыз жыры жырланып, наурыз жұмбақ айтылады.

- Көктемде ұшып келетін құс – наурызек деп аталады;
- Емдік қасиеті бар тау бөктерлерінде бүршік жаратын дәрілік гүл – наурызшешек деп аталады;
- Мейрам күндері жауған қар – наурызша деп аталады.

Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Наурыз айының 22 жұлдызы «Наурыз мейрамы» деп жарияланды. Ал, 2009 жылдың 24 сәуірінен бастап наурыз айының 21, 22, 23 күндері «Халықаралық Наурыз мейрамы» деп атала бастады.

## ТАНЫМ

# ҚАРА ҚАЗАННЫҢ ҚАСИЕТИ

Қазақтың «шаңырақтан қара қазан кетсе, үйден ырыс кетеді» деген нақыллы бүгінде ұмыт болғандай. Көшерде қазанның көрші-қоланға немесе туған-туысқа тастайтындары көзіміз көріп жүргесін бұл тақырыпқа оралуды құп көрдік.



Жалпы, қазақ халқы – ырымшыл. Оның ішінде киіп тұтқан қазанға қатыстылары көп. «Қазанды төңкерме», «аузын ашық тастама», «қызыл дүниесіне қазан апарма» деген тыйымдар соның бір парасы. Аталарымыз қазанды тіршіліктің қайнар көзіне, үйдің ырысына балап, қандай қиын-қыстау кезең болмасын, қара қазанның ескі жұртқа тастамаған. Тіпті алып жүру мүмкін болмаған жағдайда өзінің ырымын жасап, қазанды көміп кетіп отырған. Өйткені, олар үйден қазан кетсе, «ырыс-несібіміз, құтымыз кетеді» деп санаған.

Қазақ ешқашан да қазанды сыйға тартпаған. Көрші-қолан той-домалақ жасағанда қазанды уақытша пайдалануға береді, бірақ қазанды пайдаланып болғасын оны бос қайтармай, түбіне дәм салған. Ал, қара қазан қасиетін келесідей жоралғылармен байланыстырса болады. Балалар тіл-көз тиіп ауырып

қалғанда, қазанның құлағынан қара күйе алып ұшықтағанда жазылып кеткен. Сонымен бірге, суға батып табылмаған адамды қара қазанмен іздеген. Ол үшін адамның суға кеткен тұсына қазанды тастайтын. Қазан су бетінде ұзақ қалып жүріп адам жатқан жерге келгенде өз-өзінен батып кетеді. Қазан су астындағы мәйіттің үстіне, не қасына түседі. Бұл ырымды көнекөз қариялар әлі де қолданады. Қайтыс болған адамның моласы бұзылса, түске кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Сол сияқты, қайтқан кісінің соңынан тұқымдары ауру-сырқаусыз, белгісіз себептермен өле берсе, құран оқытып, басына қазан төңкертен. Осыдан «қазанды төңкерме» тыйымы шықса керек. Ал қазанды төңкеріп қою шаңырағында түтін түтететін адам қалмай, бәрі қайтыс болды дегенді білдіреді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында босқан халық бауырындағы баласын төңкерілген

қазан астына жасырып аман алып қалғаны тағы бар. Қазанның бұдан да басқа біз біле бермейтін қасиеті көп.

Ал, қазақ халқының бас қазаны – Түркістан қаласында тұрған қасиетті «Тайқазан». Бұл «Тайқазанды» аталарымыз қазақтың ырысы, байлығы, қазынасы, құты деп кастерлеген. Кенес үкіметі Әмір Темірдің тапсырысымен сирек кездесетін асыл металдардың қоспасынан құйылған бұл қазанды 1934 жылы Санкт-Петербургтегі орталық мұражайға қоямыз деп алып кетті. Сол қасиетті Тайқазанмен қазақтың барлық ырысы, қазынасы бірге кетті. Арада 55 жыл өткен соң 1989 жылы қазақтың біртуар ұлы, ұлт жанашыры Өзбекәлі Жәнібеков қасиетті қазанды Қожа-Ахмет Яссауи мұражайына қайта орнатты. Осылайша, «Тайқазан» елге ырысын қайта ала келді. Араға екі жыл салып қазақ Тәуелсіздігін жариялады.

Қазанға байланысты салт-жоралғыларымыз да жеткілікті. Соның бірі – жарыс қазан. Ырымның бұл түрі жүкті әйелдің қиналмай босануы үшін жасалады. Ол үшін әдейі сақтап жүрген сүр етті асады. Осы ет піскенше әйел де жарыса тез босанады деген сенім қалыптасқан. Сол сияқты, бізде «қазан шегелеу» деген салт бар. Әзіл-қалжыны жарасқан адамдар бір-бірінің үйіне бас қосып барып, «осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді екен. Сондай үй иесі де әзілдеп: «Жақсы болды ғой, өзіміз де қазан шегелегіш шебер іздеп жүр едік» деп төрге шығарып, қонақжайлылық танытқан. Яғни «қазан шегелеу» қонақ бола келдік дегенді білдірген. Қазақта «айрылыс қазан» деген де салт бар. Ұзақ уақыт қоныста, ауылдас болған адамдар басқа жаққа қоныс аударар алдында ел-жұртты шақырып ас берген. Міне, осы ас «айрылыс қазан» делінеді. Салтты айтамыз-ау, қазан қазақтың заңына да кіріп кеткенін айтсаңшы. Өз-Тәукеңі «Жеті жарғысында» өлім жазасына кесілген жанның жеті айып төлеп құтыла алатыны айтылады. Соның алғашқысы – қара қазан төлеу.

Қарғыстың да жаманын қазақ қазанмен байланыстырады. «Қазаның басына төңкерілсін», «қазаның қайнамасын» дейді. Сол сияқты, жақсы тілегіміз де қазанмен қатысты. «Қазаның ортаймасын», «ошағынның оты өшпесін», «қазан толсын» деп тілейді. Ал, біз өз кезегімізде ұлттық құндылықтарымыздан алшақтамай, қара қазанымыздың қасиетін қашырмай, Ұлыстың ұлы күнінде қазанды толтыруға шақырамыз. Себебі, «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болады. Үлкен кісіден бата алса, сонда оқжалы болар деген» бар.

Бота ШАЛҚАР

## Наурыз батасы

Қарық қып құтты Наурыз,  
Қазанға толсын сары уыз.  
Қайнасын Наурыз көже де,  
Толтырып ішкей кесеңе.  
Ұлыстың ұлы күнінде,  
Көппенен бірге күлімде,  
Көбейсін жаңа достарың,  
Молайсын елге қосқаның,  
Жарасып көңіл хоштығы,  
Бекісін халық достығы.  
Ішінде жүрсе азгана,  
Шайылсын өкпе, наз - нала.  
Алдыға сыймай сәбилер,  
Құшағын жайсын жаңа үйлер.  
Жастардың самсап отауы,  
Мейірім төксін Отаны.  
Әспеттеп ата дәстүрін,  
Әсем боп өссін жас буын.  
Кірбің тартпасын кәрілер,  
Барыңның дәмді нәрін бер!  
Дүрлеген Қазақстанға  
Таңалсын дос та, дұшпан да!

Мұзафар Әлімбаев



«ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

ТАРИФТИҢ ТӨМЕНДЕУІ ТУРАЛЫ

Жезказған қ. «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ 1 сәуір 2020 жылдан бастап тарату жүйелері бойынша су беру қызметіне ҚКС-сыз 1 м3 үшін 83,03 тенге деңгейіне дейін, оның ішінде тұтынушы топтар бойынша тарифтердің төмендеуі туралы ақпаратты Жезказған қаласының тұрғындарының назарына салады:

1. Жеке тұлғаларға – ҚКС-сыз м3 үшін 33,97 тенге;
2. Басқа да тұтынушыларға - ҚКС-сыз м3 үшін 100,66 тенге;
3. Бюджеттік ұйымдарға - ҚКС-сыз м3 үшін 120,33 тенге.

Тарату жүйелері бойынша су беру қызметіне тарифтердің төмендеуі Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігінің табиғи монополияларды реттеу жөніндегі Комитеті Департаментінің 06.03.2020 жылғы № 1-4/550 хатымен келісілген.

«ЖСЖК» АҚ әкімшілігі

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

О СНИЖЕНИИ ТАРИФОВ

«Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказгана доводит до сведения потребителей информацию о снижении тарифов на услуги подачи воды по распределительным сетям, с введением в действие с 1 апреля 2020 года: до уровня 83,03 тенге за 1 м3 без НДС, в том числе по группам потребителей:

- 1.1 для физических лиц – 33,97 тенге за м3 без НДС;
- 1.2 для прочих потребителей – 100,66 тенге за м3 НДС;
- 1.3 для бюджетных организаций – 120,33 тенге за м3 без НДС.

Снижение тарифов на услуги подачи воды по распределительным сетям согласовано письмом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области № 1-4/550 от 06.03.2020 года .

Администрация АО «ПТВС»

ОТЧЕТ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» г.ЖЕЗКАЗГАН

по итогам 2019 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижениях показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами

Вниманию потребителей АО «Предприятие тепловодоснабжения»!

11 марта 2020 года в 15.00 ч. АО «Предприятие тепловодоснабжения» (юр.адрес: г.Жезказган, ул.Холмецкое, 20) были проведены слушания отчета по итогам 2019 года перед потребителями и иными заинтересованными лицами об исполнении утвержденных тарифных смет, об исполнении утвержденной инвестиционной программ по регулируемым услугам водоснабжения и водоотведения, передачи и распределения тепловой энергии, снабжения тепловой энергией по адресу: г.Жезказган, ул. Омарова,25 в Больничном городке, в здании КГП Высшего медицинского колледжа г.Жезказгана, актовъый зал.

Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
- услуги по снабжению тепловой энергией;
- услуги водохозяйственной системы (подача воды (питьевой и технической) по распределительным сетям);
- услуги канализационной системы (отвод и очистка сточных вод);
- услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в пос. Геологический (тариф утвержден в упрощенном порядке).

АО «ПТВС» является предприятием со 100% государственным пакетом акций в управлении. Отапливаемая площадь жилого массива составляет около 1500 тыс м², услугами предприятия пользуются более 28 500 абонентов - население, около 1360 юридических лиц.

Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за 2019 год характеризуется следующими данными:

– доход от реализации услуг	5 566 млн. тенге;
– себестоимость реализованной продукции	4 359 млн. тенге;
– административные расходы и расходы по реализации	454 млн. тенге;
– прочие доходы	849 млн. тенге;
– прочие расходы	582 млн. тенге;
– итоговая прибыль+/-, убыток -/-	1 021 млн.тенге.

(направлена на выполнение утвержденной инвестиционной программы)

Приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области № 226-ОД от 12.09.2019 года в упрощенном порядке для АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказган утвержден обоснованный тариф на услуги производства, передачи, распределения и снабжения тепловой энергией в пос. Геологический в размере 13 402,29 тенге за 1 Гкал без учета НДС.

Для сравнения, тариф на услуги снабжения тепловой энергией, утвержденный для населения г.Жезказган, не имеющих приборов учета тепловой энергии, на 2019 год составляет 3250,26 тенге за Гкал без учета НДС.

В рамках действующего законодательства Республики Казахстан, АО «ПТВС» неоднократно обращался и вновь обратился в местные исполнительные органы с просьбой рассмотреть возможность выделения дотаций из местного бюджета.

Принимая во внимание риск возникновения социальной напряженности в регионе, АО «ПТВС» для потребителей в пос. Геологический в 2019 году применяло расчетный тариф с учетом планируемых дотаций из бюджета, на уровне тарифа для населения г.Жезказган. Перерасчет за период с 20.04.2018 года по дату ввода утвержденного тарифа будет произведен после решения вопроса о выделении бюджетной дотации.

АО «ПТВС» обеспечено поэтапное исполнение тарифных смет. Отчет будет предоставлен в ДКРЕМ по Карагандинской области до 1 мая 2020 года.

Исполнение утвержденной на 2019 год инвестиционной программы

Анализ объемов предоставленных регулируемых услуг за 2019 г

Вид регулируемых услуг	Объем оказываемых услуг в натуральном выражении		Объем оказываемых услуг в стоимостном выражении, без НДС		Обоснование
	Утверждено в тарифной смете	Фактически за 2019 год	Утверждено в тарифной смете	Фактически за 2019 год	
Передача и распределение тепловой энергии	630 814 Гкал	722 471 Гкал	1 425 млн тенге	1 846 млн тенге	Приказ ДКРЕМ по Карагандинской области №159- ОД от 22.07.2016 г.
Снабжение тепловой энергией	630 814 Гкал	722 471 Гкал	1 303 млн тенге	1 636,4 млн тенге	
Услуги по подаче воды по распределительным сетям (питьевая вода)	16 428 тыс м³	15 472 тыс м³	1 571 млн. тенге	1 492 млн тенге	
Услуги по отводу сточных вод	18 876 тыс м³	17 095 тыс м³	581 млн тенге	524 млн тенге	
Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая - непитьевая вода)	3 116 тыс м³	1 632 тыс м³	101,6 млн тенге	50,8 млн тенге	Приказ ДКРЕМ по Карагандинской области № 320- ОД от 23.11.2015 г.
услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в пос. Геологический	6,19 Гкал	5,0 Гкал	82,9 млн. тенге	16,24 млн. тенге	Приказ ДКРЕМ по Карагандинской области № 226- ОД от 12.09. 2019 г

Вид деятельности	Кем утверждена	Сумма утвержденной инвестиционной программы, тыс тенге без НДС	Источник инвестиций (по утвержденным тарифным сметам)	Мероприятия, выполненные в ходе реализации инвестиционной программы
Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией	Утверждена Совместным Приказом ДАРЕМ по Карагандинской области от 18.09.2015 г № 243-ОД, согласована ГУ «Управление энергетик и ЖХХ по Карагандинской области» 21.10.2015 г. с учетом направленного предложения о корректировке	395 475	Амортизация ОС – 182 817; прибыль – 212 658 тыс. тг	Выполнен капитальный ремонт 15 объектов тепловых сетей, приобретение ОС - насосного оборудования
Услуги подачи воды по распределительным сетям (питьевая вода)		695 541	Амортизация ОС – 153 364; прибыль – 542 177 тыс. тг	Выполнен капитальный ремонт 5 объектов водопроводных сетей, ремонт солевых ванн хозяйственно-питьевых очистных сооружений
Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода)		26 526	Амортизация ОС – 11 955; прибыль – 14 571 тыс тг	Выполнен капитальный ремонт 2 объектов водопровода питьевой воды
Услуги канализационных систем (отвод и очистка сточных вод)		214 070	Амортизация ОС -41 041; прибыль - 173 029 тыс тг	Выполнен капитальный ремонт напорного канализационного коллектора, Реконструкция песколовки ,замена оборудования для Хозфекальных очистных сооружений приобретен транспорт
<b>ИТОГО</b>		<b>1 331 612</b>	<b>Амортизация ОС-389 177; прибыль – 942 435 тыс тг</b>	

Выполняя поручение Премьер-министра Сағиптаева Б.А., данное на заседании Правительства 13.11.2018 года, АО «ПТВС» добровольно снизило утвержденный тариф на услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией на 50 млн тенге.

Все запланированные мероприятия инвестиционной программы выполнены в полном объеме. Отчет будет предоставлен в ДКРЕМ по Карагандинской области до 1 мая 2020 года.

Предприятие постоянно ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Необходимая информация доводится до сведения потребителей через средства массовой информации. Несмотря на предпринимаемые меры, не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует санитарным нормам и правилам.

На 2016-2020 годы для АО «ПТВС» Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области утверждены предельные уровни тарифов на услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, услуги по подаче воды (питьевой и технической) по распределительным сетям, услуги по отводу сточных вод. Приказом утверждены предельные уровни тарифов на каждый год отдельно. Информация была опубликована в местных СМИ.

На 2020 год АО «ПТВС» планирует добровольное снижение утвержденного тарифа на услуги подачи воды по распределительным сетям до истечения срока его действия на 17%. Заявка находится на рассмотрении в ДКРЕМ по Карагандинской области.

Тарифы для населения на 2020 год на остальные виды оказываемых услуг не превышают уровень тарифов 2019 года.

Разработанные и утвержденные ДКРЕМ по Карагандинской области для АО «ПТВС» показатели качества и надежности регулируемых услуг, показатели эффективности деятельности субъектов естественных монополий отсутствуют.

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Ата Заңымыздың 1-бабына сай ҚР өзім демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2019-2020 жылдарға Жезказған қалалық прокуратурасымен Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 73-1 бабымен (денсаулыққа қасақа жеңіл зиян келтіру) қаралған әкімшілік істерге талдау жүргізілді. Жезказған қалалық сотымен 2019 жылдың 12 айында және 2020 жылы мұндай санаттағы 179/24 әкімшілік іс қаралған.

Мысалы: 21.10.2019 жылы Жезказған қалалық соты А.Қ.Ж. есімді азаматқа қатысты ӘҚБтК-нің 73-1 бабының 1-бөлімімен әкімшілік құқық бойынша іс қарады.

Анықталғаны 04.10.2019 жылы сағат 20-00 шамасында А.Қ.Ж. Жезказған қаласы, Байқоңыров көшесі №8 үйдің ауласында, қоғамдық орында өзінің көршісі А.С.К.-мен сөзге келіспей, араларында болған жанжал барысына А.Қ.Ж. қасақана көршісіне дене жаракатын салып, денсаулығына жеңіл түрде зиян келтірген. 07.10.2019 жылғы сараптама қорытындысына сай дене зақамын алған азамат қысқа мерзімге, яғни 3 аптаға дейін жеңіл түрде зиян келтірілген. Аталған жағдай бойынша 15.10.2019 жылы полиция қызметкері А.Қ.Ж.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімдеген. Сот отырысында А.Қ.Ж. кінәсін толық мойындап, істі қарау нәтижесінде жәбірленуші мен құқық бұзушы өзара татуласып іс өндіріспен тоқтатылды.

2020 жылдың 13 қаңтарынан бастап ӘҚБтК-не 73-1 бабына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар заңды күшіне енді. Атап айтқанда ӘҚБтК-не 73-1 баптың бірінші бөлігінің 1-1 тармағында көзделген құқық бұзушылық қатары отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттермен толықтырылды.

Енді осы бап бойынша құқық бұзушыға ескерту жасау немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді (айыппұл қарастырылмаған).

Осы баптың бірінші және (немесе) 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Аталған әкімшілік құқық бұзушылықтар жәбірленушінің арызымен қозғалады. Сонымен қатар, осы аталған 73-1 бабымен қозғалған әкімшілік істер құқық бұзушымен бірінші рет жасалған болса, екі жақ татуласқан жағдайда және медиация тәртібінде іс тоқтатылуға жатады.

Рахымғазы КЕНЖЕТАЕВ, Жезказған қалалық прокуратурасының аға прокуроры, кіші әділет кеңесшісі

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

Көктемнің жайма шуақ ауа-райымен қатар алып келер қауіп де бар. Ол – су тасқыны. Еріген қар суы сай-саламен өзен-көлдерге құйғанда судың деңгейі күрт көтеріліп, елді-мекендерге қауіп төндіреді. Жезказған қаласы мен оның аумағындағы ауылдық жерлерді де бұл қатер айналып өтпейді. Сондықтан, төтенше жағдайлар басқармасы қаланың коммуналдық сала қызметтерімен бірлесіп бұл мәселені күнтізбелі түрде шешіп, алдын алу жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Бұл жөнінде төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғаныс тобының аға офицері, капитан Дулат Асанов жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған брифингте мәлім етті.

СУ ТАСҚЫНЫН БОЛДЫРМАУ ЖОЛЫНДА

– Апатты болдырмай, оның алдын алу мақсатында кешенді жұмыс жоспары құрылды. Күні бүгінге дейін Жезказған қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясының екі отырысы өтті. Жезказған қаласы әкімінің өкімімен су тасқынына қарсы штабтың құрамы және су тасқыны кезеңінде халықты және аумақты төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. 2020 жылдың 1 наурызынан бастап қалалық азаматтық қорғаныс жүйесі күшейтілген жұмыс режиміне көшті, – деген Дулат Төлешұлы 50 мың текше метр қар тазаланғанын, Теректі және Түйеөмінақ станцияларын, сондай-ақ, Қарасу су қоймасының аймағын ұдайы назарда екенін айтты.

Сондай-ақ, Қостанкелді елді-мекеніндегі ұзындығы 2 шақырымдық су бұру каналы мен автомобиль және темір жолдардың астында орналасқан барлығы 121 су өткізу құрылыстары тазартылған. Бүгінгі күні Кенгір су қоймасындағы судың нақты көлемі – 237 млн текше метр. Кенгір өлі де 82 млн текше метр көлемінде суды сыйғыза алады. «Қазгидромет» РМК мамандарының мәліметіне сүйенсек, 27 ақпан мен 5 наурыз аралығында Қаракеңгір өзені бассейніндегі ылғал қоры 60 млн текше метрге азайып, 408 млн текше метрді құраған. Соның нәтижесінде Кенгір су

қоймасына келетін судың болжамды көлемі 50-70 млн текше метр болуы мүмкін.

Сонымен қатар, шаруашылықты жүргізуге арналған инженерлік, арнайы және су айдайтын техникаларды дайындау ұйымдастырылған. Атап айтқанда, бес су сорғыш техника мен жабдықтар, оның ішінде жылжымалы сорғы және мотопомпа бар. Құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қаланың азаматтық қорғау авариялық-құтқару қызметтерінің 15 бөлімшесі әзірлікке келтіріліп, оның құрамына 105 адам, 33 бірлік техника және 2 жүзу құралдары жұмылдырылған. Бүгінгі күні аймақтың төтенше жағдайлар қызметі оқыс оқиғаларға сақадай сай екенін жеткізген жауапты маман қалалық әкімдік бөлімдері мен кәсіпорндар 10 тонна жанар-жағар май мен 2 тонна көлеміндегі азық-түлік, 1500 тонна инертті материалдар қорын жасақтағанын алға тартты.

Апат жағдайында тұрғындарды көшіру, зардап шегушілерге қарастырылған материалдық көмек хақында өздерін қызықтырған сұрақтарға тұщымды жауап алған тілшілер қауымы кыс бойы қармен күресіп, наурыз-мамыр айларында сол қар суынан елді-мекендерге зиян келмеуін ойлайтын сала мамандарының жұмысына сәттілік тіледі.

Бота ШАЛҚАР



СӘУІР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезказған уақыты бойынша)

	Апта күні	Таң	Күн	Бесін	Екінгі	Шам	Құтпаң
1	Сәрсенбі	05:39	07:04	13:36	18:04	20:03	21:28
2	Бейсенбі	05:36	07:02	13:36	18:05	20:04	21:30
3	<b>Жұма</b>	<b>05:34</b>	<b>07:00</b>	<b>13:35</b>	<b>18:06</b>	<b>20:06</b>	<b>21:32</b>
4	Сенбі	05:32	06:58	13:35	18:07	20:07	21:33
5	Жексенбі	05:29	06:56	13:35	18:08	20:08	21:35
6	Дүйсенбі	05:27	06:54	13:34	18:09	20:10	21:37
7	Сейсенбі	05:25	06:52	13:34	18:10	20:11	21:39
8	Сәрсенбі	05:22	06:50	13:34	18:11	20:13	21:40
9	Бейсенбі	05:20	06:48	13:34	18:12	20:14	21:42
10	<b>Жұма</b>	<b>05:18</b>	<b>06:46</b>	<b>13:33</b>	<b>18:13</b>	<b>20:16</b>	<b>21:44</b>
11	Сенбі	05:15	06:44	13:33	18:14	20:17	21:46
12	Жексенбі	05:13	06:42	13:33	18:15	20:18	21:48
13	Дүйсенбі	05:11	06:40	13:33	18:16	20:20	21:50
14	Сейсенбі	05:08	06:38	13:32	18:17	20:21	21:51
15	Сәрсенбі	05:06	06:36	13:32	18:18	20:23	21:53
16	Бейсенбі	05:04	06:34	13:32	18:19	20:24	21:55
17	<b>Жұма</b>	<b>05:01</b>	<b>06:33</b>	<b>13:32</b>	<b>18:20</b>	<b>20:26</b>	<b>21:57</b>
18	Сенбі	04:59	06:31	13:31	18:21	20:27	21:59
19	Жексенбі	04:57	06:29	13:31	18:22	20:28	22:01
20	Дүйсенбі	04:54	06:27	13:31	18:23	20:30	22:03
21	Сейсенбі	04:52	06:25	13:31	18:24	20:31	22:05
22	Сәрсенбі	04:50	06:23	13:31	18:25	20:33	22:07
23	Бейсенбі	04:47	06:22	13:30	18:25	20:34	22:09
24	<b>Жұма</b>	<b>04:45</b>	<b>06:20</b>	<b>13:30</b>	<b>18:26</b>	<b>20:35</b>	<b>22:11</b>
25	Сенбі	04:43	06:18	13:30	18:27	20:37	22:13
26	Жексенбі	04:40	06:16	13:30	18:28	20:38	22:15
27	Дүйсенбі	04:38	06:15	13:30	18:29	20:40	22:17
28	Сейсенбі	04:36	06:13	13:30	18:30	20:41	22:19
29	Сәрсенбі	04:33	06:11	13:29	18:31	20:42	22:21
30	Бейсенбі	04:31	06:09	13:29	18:32	20:44	22:23

Жезказған аймақтық Ахмет шан Оразаұлы атындағы медресе.

23.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 Мультхика. 6:30 «Ән мен өңші». 8:00 «Балуан Шолақ».

ХАБАР
6:00 «Қазақонгерт». 8:35 «1001 түні: айтылған әңгімелер».

24.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 Мультхика. 6:55 «Әнім сен едің...». 8:20 «Біздің сүйікті дәрігері». 10:00 «Шытынаған тағдар».

ХАБАР
6:00 «Аралым - айдын шалқарым». 7:45 «1001 түні: айтылған әңгімелер».

25.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 Мультхика. 6:30 «Әндер мен жылдар». 8:00 «Тайлақтың тақиясы».

ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:15Айгүл Елшібаева «Терме деген өсиет».

26.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 Мультхика. 7:00 «Көңілшар». 8:00 «Сағындырған әйер-ай».

ХАБАР
6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:15 «1001 түні: айтылған әңгімелер».

27.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 АҚПАРАТ. 6:40 Мультхика. 7:00 «Көңілшар».

ХАБАР
6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:15 «1001 түні: айтылған әңгімелер».

28.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Оуызғу екен...». 6:55 АҚПАРАТ. 7:25 «Сәлем, Қазақстан!».

ХАБАР
6:00 Концерт. 7:50 «1001 түні: айтылған әңгімелер».

29.03.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Оуызғу екен...». 7:00 «Сәлем, Қазақстан!».

ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:00 «Абайдың әндері». 8:35 «1001 түні: ырасқандықтар».

АСТАНА
6:00 «Ән мен өңші». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК
07.05 «ТАРТЫЛЫС КҮШ». 09.00 «ЛЮБИМАЯ».

«Бәрі жақсы». 8:00 «Маша и медведь». 9:50 «Күлфи».

КТК
07.05 «ӘН МЕН ӨНШІ». 08.00 «ТАЙЛАҚТЫҢ ТАҚИЯСЫ».

«Күлфи». 11:20 «Қара ниет». 12:20 «Қурманжан датқа».

КТК
07.05 «ӘН МЕН ӨНШІ». 09.00 «ТОКАЛ». 11.00 «ПЕС-Зостросюжетный».

7-АРНА
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 Сольный концерт Еркина Нуржанова.

7-АРНА
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Көңілді тапқырлар алаңы».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 Бауржан шоу».

06:00 «Қыздар арасында». 06:50 «Наурызда бастық боламын».

31
06:00 Ризамын. 07:00 Бауржан шоу».

«Күлфи». 11:20 «Қара ниет». 12:20 «Қурманжан датқа».

КТК
07.05 «ӘН МЕН ӨНШІ». 09.00 «ТОКАЛ». 11.00 «ПЕС-Зостросюжетный».

7-АРНА
06.00 «Қыздар арасында». 06.50 Сольный концерт Еркина Нуржанова.

АҚШНАМ
09:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Жизнь и удивительные приключения Робинзона Круза».

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Ертеніме сенемін». 10.30 «Жаушы».

«Арло-говорящий поросенок». 11:30 Информационный блок.

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Әндер мен жылдар».

«Арло-говорящий поросенок». 11:30 Информационный блок.

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «50 жыл Елмен бірге».

АҚШНАМ
09:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Жизнь и удивительные приключения Робинзона Круза».

АҚШНАМ
09:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Жизнь и удивительные приключения Робинзона Круза».

АҚШНАМ
09:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Жизнь и удивительные приключения Робинзона Круза».

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Мәлдір тұнық көздерім...».

АҚШНАМ
09:02 Реклама. 09:10 «Мия и я». 10:00 «Жизнь и удивительные приключения Робинзона Круза».

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Священный порог».

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Священный порог».

ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 «Священный порог».

«ОТАН» (ДОСААФ) АВТОМЕКТЕБІ
«В», «В-дан С1-ге», «С1», «С», «ВС1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!
«Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

К СВЕДЕНИУ ГАЖДАН!
В государственном учреждении «Отдел строительства города Жезказған» функционирует

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕКЕ ТҮТІНУШЫЛЫҚ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША 90 КҮННЕН АСТАМ МЕРЗІМІ ӨТКЕН КЕЗДЕ СЫЯҚЫ ЕСЕНТЕУГЕ ТҮЙЕМ САЛЫНАДЫ.



Көптегісіз тұтынушылық несиеледудің шамадан тыс өсуіне жол бермеу үшін, төтенше жағдай кезінде және одан әрі заңнамалық деңгейде жеке тұлғалардың кепілсіз қарыздары бойынша 90 күннен астам мерзімін өткізіп алған кезде сыяқы есептеуге тыйым салынады, - деп хабарлады Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттіктің төрағасы Мәдина Әбілқасымова Үкімет отырысында.

Жеке тұлғалардың несиелік тарихын қалыптастыру үшін, егер ол 12 ай ішінде мерзімі өткен бередіктің 50%-дан астамын өтесе және кейіннен міндеттемелерді орындаса, қарыз алушы үшін теріс несиелік тарихты түзету бойынша мүмкіндік көзделетін болады.

Карағанды облысының жедел желі телефондары:
Коронавирус мәселелері бойынша: 1406, 8 (7212) 95-55-59
COVID-19 алдын алу мәселелері бойынша: 8 (7212) 50-76-46

Жаңа Коронавирус
Аурудың белгілері қандай?
Жөтел, Температураның көтерілуі, Пневмония, Ентігу, Күсу, Диарея

2019-nCoV Вирусның емі бар ма?
2019-nCoV адамнан адамға қалай беріледі?
2019-nCoV вакцинасы бар ма?

С.Кожамқұлов атындағы Жезқазған казак музыкалық-драма театрының ұжымы артист Кенжев Дүйсен Борбайұлына ағасы Саренбектің қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.
Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН
Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №003. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бекен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Галия ӨБДІГАППАРОВА.
100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көмесі, 63/3, http://saryarqa.info E-mail: sa\_jcz@mail.ru whatsapp +7 708 420 19 88
Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.



## ОРИНДАЛҒАН АМАНАТ

Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері қатысты. Бұл қантөгісте қайғы-қасірет тартпаған бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты, жараланғандары да сан мыңдаған. Майдан даласынан көптеген қазақ боздақтары қайтпай қалды, тіпті із-түссіз жоғалғандар да бар.



Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толса да әлі күнге дейін соғысқа қатысқан ата-бабалары жайлы деректерге қол жеткізе алмай жүргендерді көзбен көріп жүрміз. Әйтсе де, іздеу жолында кезіккен кездеріміздің ешқайсысына моймай, нағашы ағасы Асқар Балықбаевтың қайда жерленгенін анықтаған Шолпан Әбішқызының қайсарлығына ерекше бас иесін. Бірнеше мәрте Ресей тарапына, Подольск қаласының мұрағатына, Санкт-Петербург қаласының қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшыларына жазылған хаттар, Ұлытау ауданының мұрағатындағы айлар бойы көз майын тауысып, құжаттар ақтарған тынымсыз кездер өз нәтижесін беретініне ол сенімді еді. Хат жазған мекемелер үнемі жауап берсе де, Ұлы Отан соғысы ардагерінің жерленген жерін тауып бере алмады.

2014 жылы Шолпан апай Жезқазған тарихи-археологиялық музей қызметкерлерінің көмегіне жүгініп, деректерді табуға атсалысуын сұрайды. Сол кезде Жезқазған тарихи-археологиялық музейі басшысының орынбасары қызметінде жүрген Раушан Қапарова оған қолдау көрсетіп, Қазан қаласының тұрғыны, krepnik.ru сайтының кеңесшісі әрі модераторы Хатиря Марданшина хат жолдап, өзіндік ықпалын тигізген екен. Соныра келген жауаптарды зерттей келе Асқар Балықбаев жайлы нақты деректер табылады.

Шолпан Исатаеваның нағашы әжесі Биған апа ғұмырының соңына дейін «ұлым Асқар келіп қалар» деген сеніммен Рудникке келетін пойыздарға қарап, үмітін үзбеген екен. Биған апамыз өмірден өтерінде: «Баламның бір дерегін анықтап-білу, өзіне аманат» деп, Шолпан Әбішқызына тапсырған. «Аманатқа кинят жоқ» демекші, өзіне артылған зор сенім мен жауапкершілікті ол 2011 жылдан бері арқапал келді. Білесі сыбана кіріскен іздеу жұмыстары нәтижесін берген 2016 жылы нағашысының зиратына барып, туған жердің топырағын аларды. Құжаттарға сүйенсек, 1943 жылы 26 наурызда Асқар ағаның желкесіне оқ тиіп, ажал құшқан.

Асқар Балықбаев 1913 жылы Рудник кентінде дүниеге келген, шахталарда жұмыс істеген. Бронмен жүрсе де, қулығын жүзеге асырған бір байдың баласының орнына соғысқа аттандырып жіберген. 1942 жылы 9 қазанда Жезқазған ауданы, Талап колхозынан аттанған жігіт бара салысымен Ленинград түбіндегі ірі шайқастың ортасына түседі, қаланы жаудан азат ету жолында мергендігімен көзге түседі. Бір жыл бойы жазып жүрген хаттары бірте-бірте саябырсып, соңында мүлде келмей кетеді. Қара қағаз келмеген соң, анасының баласына үмітінің үзілмегені де сондықтан.

2016 жылдың қазан айында Шолпан Әбішқызы көрші елге баратын сапары алдында әжесінің қорымына барып, бір уыс топырағын ала кетеді. Сіңлісі Айман, Алматыдағы қызы Гүлмира ушеуі Санкт-Петербургке аттанады. Ол жерде Фрунзенский ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, Ауған соғысының ардагері Владимир Вавилов күтіп алып, өзінің басшысымен жолықтырады. Апамызға нағашы ағасының қаза тапқанын, жерленген жерін растайтын құжатты, қара қағаздың көшірмесін табыстайды. Асқар Балықбаев Ново-Волковское бауырластар зиратына жерленген екен.

Еркебұлан КАМАЛНӨВ,  
Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің аға ғылыми қызметкері

**AQSHAM TELEARNASY**

**Еске алу**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АҚШАМ» ТЕЛЕАРНАСЫ  
ЖАНАЗА НАМАЗЫ, ЖЕТІСІ,  
ҚЫРҚЫ, ЖЫЛЫ, ЕСКЕ АЛУ  
ТАҒЫ БАСҚА ХАБАРЛАНДЫРУЛАРДЫ  
ҚАБЫЛДАЙДЫ

«Еске алу» Хабарландыру  
Сағат 15:00 18:00

Занды мекен-жайы: Сәтбаев қаласы,  
Сәтбаев даңғылы 115  
Электрондық пошта: aqshamtv@mail.ru  
Редакция телефоны 8(71063) 3-85-85



## ЭКОСОФИЯ – ТАБИҒАТҚА ҚҰШТАРЛЫҚ

– Мысты өлкеге қош келдіңіздер! Кітаптың тұсаукесері құтты болсын. Өз жобаларыңыз туралы толығырақ айтып өтсеңіздер.

Бағдат ҚҰДИЯР, «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры:

– Менің басты айтқым келетіні – бұл бизнес жоба емес. 2013 жылы адвокат Абзал Құспаннның тапсырысымен бала тәрбиесі туралы «Әлдиен эпока дейін» атты кітап жазып шығардық. Бұл кітап оқырмандар арасында кеңінен тарайды. Одан әрі жоба жалғасын тауып «Салт-дәстүр сөйлейді» кітабы жарық көрді. Біз шығарған кітаптар қоғамда үлкен сұранысқа ие бола бастады. Сол себепті 2017 жылы «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорын құрғанды жөн деп таптық. Бүгінгі күнге дейін 11 жобаны жүзеге асырдық. Соңғы кітап осы – «Ecosophy». Жобаның авторы – Сан-жар Керімбай, идея авторы – Бағдат Құдияр. Біз әрбір жобаны жүзеге асырған сайын құрамымыз толығып отырады. Мысалы, психология туралы жазсақ психологтармен, әлеуметтанушылармен, табиғат туралы жазсақ эколог, геолог мамандармен, салт-дәстүр туралы жазсақ филолог, тарихшы мамандармен жұмыс істейміз. Бұл жолы экософия туралы жазу барысында дінтанушы магистр Арман Әділбек Нәби, филология ғылымдарының магистрі Сәкен Нұрқабекұлы, дінтанушы, PhD докторы Мұхит Төлеген және суретші-дизайнер Арман Гинаятұлы есімді жігіттермен бірлесе жұмыс атқардық. Нәтижесінде «Ecosophy» кітабы шықты.

Бұл кітаптың бір ерекшелігі – дизайны ерекше. Көбіне балалар мен жасөспірімдер және жастарға тәрбие құралы ретінде шығарылатын кітаптардың оқырманды тартымды келбетімен қызықтыруы да маңызды мәнге ие. Арман Гинаятұлының арқасында «Ecosophy»-дың да көркемдік сипаты көз тартарлықтай болып шықты деп айтуға болады. Бұл кітапты 2018 жылы ақбөкендерді қорғаймын деп брокерлердің қолынанан қаза тапқан қос батыр қорықшы Ерлан Нұрғалиев пен Қаныш Нұртазинновтардың рухтарына арнадық. Кітапта, аңыз бен ақиқатқа негізделген табиғатқа қатысты барлық өңгімелер жинақталған.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта тек жастар ғана емес, аса бұрын өкілдері де кітап оқи бермейді. Осындай заманда кітап шығару тиімді ме?

– Ия, қазір жұрттың бәрі кітап оқиды дей алмаймын. Біз осы жобаны қолға алмас бұрын көптеген әлеуметтанушы, саясаттанушы мамандармен ақылдастық. Біздің жобамызбен тынысқан белгілі саясаттанушы Айдоос Сарын ағамыз бірден қолдау білдірді. Ол бізге бұның жақсы идея екенін және болашағы мол жоба екендігін айтты. Білесіз бе, қазір кітап шығарушылар саны көбейіп кетті. Бұл тенденция «Ешкім кітап оқымайды» деген стереотипті жоққа шығарады. Ия, қалтасында қаржысы барлардың бәрі кітап шығарып жатқандығы да жасырын емес. Бұрынғыдай, цензура болмағандықтан, әркім өз қалауына өз ойларын парақ бетіне түсіріп, типографияға ақшасын төлейді де, кітап басып шығарады. Дегенмен, әр кітаптың өз оқырманы болары сөзсіз. Оқырман өз талғамына сай сұраныс тұрады. Біздің заманымызда да кітап оқылады. Тек бұл сол кітаптарды дұрыс ұсына алмай отырмыз. Меніңше, кітап оқырманның қабылдауына жеңіл тілде, нақты әрі түсінікті болғаны абзал. Бүгінде «Отбасы хрестоматиясынан» шыққан кітаптардың жалпы таралымы 150 000-нан асты. Кітаптар тілі жеңіл, ондағы мәліметтер де өте қызықты. Біздің кітаптардың бағасы да қалтаға аса қатты ауырлық түсірмейді. Кітаптар көтере бағаммен сатылады. Бізден алып, үстіне ақша қосып сататындар да бар. Кітаптардан түскен пайда түгел дерлік өз шығынының орнын толтыруға жұмсалыды. Біздің Жезқазғанға келуіміз де жайдан-жай емес. Жезқазған жұрты алғашқылардың бірі болып экософия ғылымының мән-мағынасына тереңнен бойлап, авторларымен тікелей жүздесуге ие болды. Шара соңында осынау мағыналы жүздесуді ұйымдастырған барша ел азаматтары мен марқұм қорықшылардың туған-туыстары мен дос-жарандарына арнайы Алғыс хаттар табыстап, ризашылығымызды білдірдік. Ыстық ықыласпен қарсы алған мысты шаһар тұрғындарына білдіріп ілтипаттымыз да ерекше.

– XXI ғасыр адамдары үшін қандай кітаптарды оқыған жөн?

Қазақстан КТК одағы «Қарағанды КТК» филиалы Жезқазған аймақтық өкілдігі қолдауымен Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі жастары арасында «Жайдарман» ойыны өтті. Шара ұлы ақын, ғұлама-ойшыл, кемеңгер, хакім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы мен волонтерлар жылына арналды.



«Күле білу – өмір, күлкі болу – өлім, күлдіре білу – өнер» деген емес пе?! Аталмыш жайдарман ойынының мақсаты – сөз шеберлігіне үйретіп, сахна мәдениетіне қалыптастыру, көрермендерге шат-шадыман көңіл-күй сыйлау. Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі лигасының финалдық ойынына 6 команда қатысты. «Ерікті болу – ерлік!» тақырыбын арқау еткен

Экология және философия ғылымдарының негізінде пайда болған экософия ғылымы құлағамызға таныс естілгенімен, біздің ұлтымызға жат дүние емес. Негізгі деректер бойынша 1985 жылдары Тайландтан бастау алған ғылым делінген экософия қазақ халқының тыныс-тіршілігінде сонау көшпенділер дәуірінен бастап бар. Одан бұрынырақ пайда болуы бек мүмкін. Сонымен, жер бетіндегі барша жыртылған тіршілік атаулысының киесі мен несі барын растайтын бұл ғылым қазіргі таңда жедел қарқынмен дамуда. Адам мен табиғат арасындағы үндестікті, әлем мен адам туралы жазылмаған заңдарды зерттейтін ғылым жайында қызықты деректер топтастырылған «Ecosophy» кітабы өткен жылдың соңына қарай қазақстандық оқырмандарға жол тартты. «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының құрастыруымен шыққан кітаптың Жезқазғанда өткен тұсаукесері салтанатында кітап авторларын әнгімеге тартудың орайы келді.



«Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының сарапшысы Айбек Нәби:

– Ел аузында мынадай сөз бар. Адам Құдайды іздейтін 3 жағдай бар екен. Олар: аштық кезінде, соғыс кезінде және ауру кезінде. Шынымен де солай ғой. Өншейінде аузымызға ала бермейтін жаратушыға басымызға іс түссе сыйынуымыз, тілеуіміз артады. Қазіргі заман оқырмандары үшін де солай. Бүгінгі оқырманға келіндегі қазақ әдебиетінің жауһарлары саналған Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Өуезовтердің шығармалары қызықсыз. Бұл шығармалардың көркемдігіне сөз келтіре алмаймыз, әрине. Десек те, бүгінгі адамдар үшін кезіндегі қуғын-сүргін, аштық, әйел теңсіздігі, ұжымдастыру сынды тақырыптар аса сұранысқа ие емес. Себебі, бұндай мәселелер біздің заманымызда жоқ. Әр қоғамның өз дәуірінің маңызды тақырыптары болады. Мысалы, бүгінгі өзінде Теодор Драйзердің «Америка трагедиялары» шығармалары үлкен қызығушылықпен оқылады. Бұл кітап XX ғасыр басында жазылса да, бүгінгі замандағы адамдардың, отбасылардың күрделі мәселелерін ашып айтып кеткен.

Қазіргі авторлардың бір кінәсі шығармаларын бүгінгі заманға сай бейімдей алмайды. Содан кейін кітапқа деген құмарлық бәсеңдейді. Қызықсыз шығармаларды оқырманда қажет етпейді. Біз дәл қазіргі мәселелерді аша білуіміз керек. Бұнымен не айтқым келеді? Біздің де түпкі мақсатымыз осындай. «Отбасы хрестоматиясынан» шыққан әрбір кітаптың кез келген шаһардағы кітап сөресінен орын алғанын қалаймыз.

Ұлы ғұлама ойшылдар бірден пайда болмасы анық. Абай да ессіз саби болып дүниеге келді, ол да өзге ойын балалары сияқты ғұмыр кешті. Баланың баладан айырмашылығы жоқ. Ендеше, неге Абай әлемдік әдебиеттің биік тұғырынан орын алды? Ол тәрбиеге байланысты. Ал оған қандай ерекше тәрбие берілді? Оған әжесі Зере күн-түндеп қисса-ертегілер мен аңыз-әңгімелерді баяндайтын. Ол ертегілердің қандай екендігін білу үшін сол заманда жиі айтылған ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуіміз керек.

Одан бері Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханға қалай қалыптасты? Оны білу үшін оларды абақтыға айдап, үйлеріне тәркілеу жүргізген кезде табылған әдебиеттер тізімін зерделеуіміз керек. Қызығында, олардың көбінің үйлерінен бірдей әдеби шығармалар табылған екен. Қазақтан шыққан ұлылардың көбінің төрт жылдан артық білімі жоқ. Бүгінде біз 11 жыл мектепте, 4 жыл бакалавр, 2 жыл магистратура, одан докторантура оқымыз, ол аздай «Болашақ» бағдарламасымен шет елге шығып тағы оқып келеміз. Қаншама жыл білім аламыз. Бірақ бұрынғы қазақ зиялылары көрсеткен қайраткерлікті көрсете алмаймыз. Неге? Себебі, біз түп тамырымыздан ажырап бара жатырмыз. Генетика деген болады. Біздің түпкі генетикамыз тыңдауға, жаттауға бейімделген. Ал біз келемізде «Ана ел мынандай қылып оқытып жатыр екен» деп балаларға түрлі

әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Бірақ, біздің ген оған бейімделмегендіктен бұлардың бәрі нәтижесіз қалады. Адамдардың ойлау мүмкіндіктері ғажайып болып кетпейді. Біз қайткен күнде де түпкі тамырымыздан, ата-бабаларымыздың жолынан айнымауымыз керек. Сонда ғана мықты ұлт болып қалыптасамыз. Мен де осылай ұлт болашағының жаршысына айналар әр өрнеңнің жеке кітапханасынан «Отбасы хрестоматиясының» кітаптары табылғанын қалаймын. Біз осы мақсатта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әлі де талай игі істер атқаратын боламыз.

– Алағыз уақыттағы жоспарларыңызбен бөлісе отыраңыз.

– Өткен ғасырдың 1925-1939 жылдары қазақ зиялы қауымы 400-ге тарта шетел әдебиетін қазақ тіліне аударған екен. Бірақ, олар төте жазу не латын әліпбиімен қағаз бетіне түсірілген. Шындағында, бұл шығармалар – әлемдік әдебиеттің ең озықтары. Жанадан Америка ашам деп тырбанудың керекі жоқ. Қазақ оқығандары баяғыда-ақ керекті дүниелерді жасап кеткен. Ендігі біздің алдымыздағы мақсат – соларды кирилл қаріптерімен қайта жазып шығу. Оларды көшіріп, баспа бетінен жанауша үлгіде оқырмандарға ұсынғымыз келеді.

– Жөн-ақ, Бірақ, жаппай қазақ тіліне негізделген латын әліпбиіне көшеміз деп жазғанда қирилмен кітап шығару қалай болады екен?

– Ия, Елбасының тапсырмасымен 2025 жылға дейін толық латын әліпбиіне көшу міндеттелді. Бірақ, бұл оған дейін оңай жүзеге аса салатын шаруа емес. Себебі, біз әзір латын әліпбиіне оңайлықпен көше алмаймыз. Осымен үш-төрт жоба ұсынылды. Бәрі де жарамай қалды. Біз де «Bailatu» деген жоба ұсынғанбыз. Ол да мақұлдаусыз қалды. Ұлттың тіліне қатысты бұл мәселе байыппен ойлануы, яғни, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін шешімді қажет етеді. Міне, латын әліпбиіне көшу оңай емес дейтіміз осыдан. Сол себепті біз уақыты өлтірмей кирилл әріптерімен жанадан аударма кітаптарды басып шығармақ ниеттеміз. Бұндай жоба елімізде әлі жүзеге аспаған. Бірінші болып біз жүзеге асырмақпыз. Оқырман тарапынан үлкен сұраныс пен қолдауға ие болары сөзсіз.

– Жезқазған жұртшылығымен мәнді де сәнді жездесу ұйымдастырғандарыңызға қол рақмет. Істеріңізе сәттілік тілейміз.

PS. Өткен аптада қаламызда «Ecosophy» кітабының тұсаукесері өтті. «Табиғатты қорғау үшін алдымен әр адам кез келген жауандары, жәдік пен өсімдікті құндылық тұтып, қастерлеуі керек» деген қағидаға сүйенген шығармашылық топ түрлі діни әдебиеттердегі қиссалар мен ел аузындағы аңыз-әңсанааларды жинастырып, оқырман назарына ұсынады. Кітаптың тұсаукесеріне былтыр браконьерлер қолынан қаза тапқан жерлесіміз Қаныш Нұртазиннің тұсаулары мен достары да қатысты. Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## КҮЛКІ СЫЙЛАДЫ

жартылай финалдық ойында аталған оқу орнынан «My Love ZHIGK», «Сүйкімділер», «Сарыарқа арулары», «Cambridge», «I-II (Пішпа-пішпа)», және «Лемал» құрамалары бақтарын сынады.

Ойын «Сәлемдесу» және «Сұрақ-жауап» сайыстарынан тұрды. Сайыскерлерге Жезқазған қаласы әкімдігінен, «Жас Отан» жастар қанатының Жезқазған қаласы бойынша төрағасы Абай Бағдай, «Жезқазған КТК» одағының президенті Бейбарыс Полатбекұлы және Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінің директоры Марал Тілеужанова қазылық етті. Қазылар әзілкештерді «Сахна мәдениеті», «Кім үлгісі», «Ақтерлік шеберлік», «Әзілдердің ұтырлығы» бойынша бағалады. Ойынды «Сарыарқа ұландары» құрамасының капитаны Ержан Қойшығұл тартымды жүргізді.

Сайысқа қатысушы әзілкештер ұтымды да орамды ой, сүйелі сөз айтып, шағын әзілмен қоғамдағы кейбір келеңсіз жағдайларды шебер жеткізе білді. Басқа тақырыптарға бағытталған әзіл-қалжыңдары көрермендердің көңілінен шығып, өте тартысты етті. Ойын қорытындысы бойынша «Cambridge» құрамасы Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі директорының арнайы кубогін жеңіп алды. Жеңімпаз құрама алдағы уақытта республика көлеміндегі сайыстарға қатысып, сүйікті қаламыздың намысын қорғайтын болады.

Ізгөлеу ТҮСПӨВ